Мәңгілік Ел ұғымы ұлтымыздың ұлы бағдары - «Қазақстан 2050» стратегиясының түп қазығы етіп алынды. Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен гөрі, оны ұстап тұру әлдеқайда қиын. Бұл - әлем кеңістігінде ғұмыр кешкен талай халықтың басынан өткен тарихи шындық. Өзара алауыздық пен жан-жаққа тартқан берекесіздік талай елдің тағдырын құрдымға жіберген. Тіршілік тезіне төтеп бере алмай жер бетінен ұлт ретінде жойылып кеткен елдер қаншама. Біз өзгенің қателігінен (ішкі алауыздықтың арқасында Қырымнан айрылып қалған Украинаның сияқты), өткеннің тағылымынан сабақ ала білуге тиіспіз. Ол сабақтың түйіні біреу ғана - Мәңгілік Ел біздің өз қолымызда. Ол үшін өзімізді үнемі қамшылап, ұдайы алға ұмтылуымыз керек. Байлығымыз да, бақытымыз да болған Мәңгілік Тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтай білейік, ағайын!

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан-2050 Стратегиясы»: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. – Астана: Ақорда, 2012.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев «Қазақстандық жол - 2050»: ортақ мақсат, ортақ мүдде, ортақ болашақ» Жолдауы. – Астана, 2014.
3. «Нұр Отан» партиясының XV съезінің материалдары. – Астана, 2012.
4. «Жас Отан» жастар қанатының II съезінің материалдары. – Астана, 2012.

5. Қазақстан Республикасында 2011-2020 жылдарда білім беруді дамыту мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010.

6. Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы. – Астана, 2009.

7. Барлық білім беру ұйымдарындағы оқыту үдерісінде тәрбиелік құраушыны күшейтудің типтік кешенді жоспары. (Үкіметтің 29.06.2012ж. №873 қаулысы).

8. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ тәрбие жұмысы жүйесінің әдістері және бағыттары. – Астана, 2012.

«Тілдесу аясы» семинары - корпоративтік мәдениет формуласы

2014 жылдың 20 ақпанында «Өрлеу» БАҰО» АҚ Қарағанды филиалында «Қарым-қатынас ортасы» атты жаңа семинар жұмысын бастады. Оның басты мақсаты – Институт пен оның қызметкерлері арасындағы даму векторын құру және тәртіп нормалары мен құндылықтарының бірегей жүйесін қалыптастыру.

«Қарым-қатынас ортасы» семинарының негізгі міндеттері:

1. Институт қызметкерлерінің мүмкіндіктерін айқындау және жүзеге асыру.
2. Институт қызметкерлерінің жеке тиімділігін арттыру.
3. Ұжымның бірегей міндеттерін жүзеге асыру аясында өзіндік саналы түйсігін қалыптастыру.
4. Ішкі коммуникация үрдісін жақсартып, Институт қызметкерлерінің өзара ниеттестігін қамтамасыз ету.
5. Ұжымның командалық рухын қолдау.

Бірінші семинар «корпоративті мәдениет» ұғымының маңызы мен мәнін түсініп, негізгі құрамдас бөліктерін анықтауға бағытталды.

Семинар барысында корпоративті мәдениеттің ең маңызды құрамдас бөліктері – корпоративті құндылықтар мен принциптер, корпоративті этика, әлеуметтік-психологиялық климат, жұмысты ынталандыру және дәлелдеу жүйесі, корпоративті дәстүрлер, мерекелер мен мифтер болмыстық мәдениеттің негізі ретінде қарастырылды. Сонымен бірге ішкі коммуникация мәдениетін және сыртқы сәйкестік мәдениетін қалыптастыру мәселелері талқылауға алынды.

Институттың корпоративті құндылықтарын өзінің жұмысына деген қызығушылығы бар, кәсіби дамуға және жаңа іс-тәжірибе жинақтауға деген жігері бар кез келген адам қабылдай алады. Ал мұны жақсы мамандардың көпшілігіне тән тамаша сипаттама деуге болады.

Семинардың мазмұны құндылықтар мен жұмыс принциптері арқылы корпоративті мәдениеттің өзіңе деген ұйымның қатынасын білдіріп, өз миссиянды және сыртқы ортада қалаулы ролінді анықтап беретін, сол сияқты идеяларды біріктіріп, ұйымның барлық құрамдас бөлімдерінің іс-әрекеттерін бақылайтын және барлық басқа басқару функцияларына қатысты белгілі бір роль атқаратын маңызын ашты.

Семинар «Круг общения» - формула корпоративной культуры

20 февраля в Карагандинском филиале АО «НЦПК «Өрлеу» начал работу новый семинар «Круг общения», цель которого – создание вектора развития Института и его сотрудников и выработка единой системы ценностей и норм поведения.

Среди задач семинара «Круг общения» основными являются такие, как:

1. Раскрытие и реализация потенциала сотрудников Института.
2. Повышение личностной эффективности сотрудников Института.
3. Формирование осознанного восприятия себя в рамках реализации единых задач коллектива.
4. Улучшение процесса внутренней коммуникации, обеспечение лояльности сотрудников Института.
5. Поддержание командного духа коллектива.

Первое заседание семинара было направлено на определение сущности понятия «корпоративная культура» и его основных составляющих

В ходе семинара были рассмотрены самые важные элементы корпоративной культуры – корпоративные ценности и принципы, корпоративная этика, социально-психологический климат, система стимулирования и мотивирования работы, корпоративные традиции, праздники и мифы как основа событийной корпоративной культуры. Для обсуждения были вынесены и вопросы формирования культуры внутренних коммуникаций и культуры внешней идентификации.

Корпоративные ценности Института сможет понять и принять любой человек, которому интересна его работа, профессиональный рост и новый опыт. А это, в свою очередь, прекрасное описание большинства хороших специалистов.

Содержание семинара позволило сделать вывод, что корпоративная культура через ценности и принципы работы выражает отношение организации к себе, определение своей миссии и желательной роли во внешней среде и становится объединяющей идеей, пронизывающей деятельность всех подразделений организации и играющую определенную роль по отношению ко всем остальным управленческим функциям.

Н.Т.КАЛМАГАНБЕТОВА, Ү.А.МАЙБАСОВА
«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша ПҚ БА Институты
мектепке дейінгі тәрбие және бастауыш білім беру кафедрасы,
аға оқытушылар

ИНКЛЮЗИВТІК БІЛІМ БЕРУДІҢ НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

In article problems of modern inclusive education are considered. The review of standard and legal bases of inclusive education in Kazakhstan is made.

В статье рассмотрены проблемы современного инклюзивного образования. Сделан обзор нормативно-правовых основ инклюзивного образования в Казахстане.

ТҮЙІНДІ СӨЗДЕР: инклюзивтік білім беру, мүмкіндігі шектеулі балалар, кедергісіз аймақ, қамқорлық, толеранттылық, ізгілік, қайырымдылық

Қазіргі таңда барлық әлем назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивтік білім беру. Осы жаһандық мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: инклюзивтік білім беру дегеніміз – барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық еңгізу, және әлеуметтік бейімдеуге, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзету-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат. Ағылшын тілінің тәжірибесінде «inclusion» - «енгізу» [1].

Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Демек, инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады. Инклюзивті білім беру немесе «білім баршаға» бағдарламасы - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаны Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы мақұлдап, БҰҰ-ның Конвенциясына 2006 жылдың 13 желтоқсанында енгізілді. Инклюзивті білім беру мәселесі шет елдерде 1970 жылдан бастау алды, ал 90 жылға қарай АҚШ пен Еуропа өздерінің білім беру саясатына осы бағдарламаны толық енгізді.

Елбасымыз инклюзивтік білім беру мәселесін қолдай отырып, «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауында: «Мүмкіндігі шектеулі азаматтарға көңіл бөлу. Ондай адамдарға қамқорлық көрсету бұл өзіміздің және қоғам

алдындағы біздің - парымыз. Олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуға тиіс» деген талап қойып отыр [2].

Республикамызда бүгінде, «Бәріне бірдей мүмкіндік» қағидатын ұстана отырып, әлемдік білім кеңістігіне кіру үшін Мемлекет тарапынан көптеген шаралар енгізіліп жатыр. Еліміздің «Білім туралы» Заңының 49-бабында баланың қалауы, жеке қабілеттері мен ерекшеліктерін ескере отырып ата-ананың білім беру ұйымын таңдау құқығын; сонымен бірге балаларын оқыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларда кеңес алу құқығын белгіленді [3].

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының негізгі міндеттерінің бірі мектептегі инклюзивтік білім беру жүйесін жетілдіру болып табылады. Осы бағдарлама төңірегінде инклюзивті білім беруді жетілдіру мәселелері қарастырылып, 2015 жылға мына міндеттерді шешу көзделген:

- мүмкіндіктері шектеулі балаларды біріктіріп оқытудың модульдік бағдарламалары жасалады;
- мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортада біріктіріп оқыту ережесі әзірленеді;
- түрлі кемістігі бар балалар үшін бірігу нысандары анықталады;
- мүгедек балаларға қашықтықтан білім беруді ұйымдастыру қағидалары әзірленеді.

Осы бағдарламаны жүзеге асыру барысында 2020 жылға қарай Республикада инклюзивті білім беру үшін жағдай жасалған мектептер үлесі жалпы санынан 10%-дан 70%-ға дейін артады [4].

Қазақстанда қолданып келе жатқан Халықаралық білімділік «Step by step» бағдарламасы ерекше қажеттілікті балаларды қолдауды, қатардан қалдырмауды қамтамасыз етеді. Оның негізіне төмендегідей қатаң тұжырымдар салынған:

1. Балалар отбасы мен қоғамдастықтың мүшесі болып табылады.
2. Әр бала білім алуға құқылы.
3. Әр баланың қайталанбайтын бірегей ерекшелігі, қызығушылығы, қабілеті мен қажеттіліктері бар.
4. Балалардың қажеттіліктері назардан тыс қалмай және дербес түрде қанағаттандырылған жағдайда жақсы оқиды [5].

Мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпыға білім беру ортасына қарай бейімдеу 2002 жылдан басталды, және Қазақстан ТМД елдерінің арасында алғаш рет «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медицина-педагогикалық тұрғыдан қолдау» туралы 2002 жылғы шілденің 11-де №343 заңды қабылдады. Осы заң аясында жарымжан балаларға ерте бастан білім беру, әлеуметтік, медициналық тұрғыда қамтамасыз ету қарастырылған. Заңды жүзеге асыру барысында 2007 жылғы 5 ақпандағы № 81 Қаулысымен бекітілген «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық тұрғыдан қолдау» туралы іс-шаралар жоспары бекітілді.

Ең бастысы, аталмыш заңда инклюзивті білім берудің негізгі принциптері айқындалды:

1. Адамның құндылығы оның қабілеті мен жетістіктеріне тәуелді емес
2. Әрбір адам ойлау мен сезінуге қабілетті
3. Әрбір адам қарым-қатынасқа құқылы
4. Барлық адам бір-біріне қажет
5. Түбегейлі білім шынайы өзара қарым-қатынастар негізінде жүзеге асады
6. Өртүрлілік адам өмірінің даму аясын кеңейтеді [6].

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 қаулысымен бекітілген Жалпы білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларының 18-тармақшасында мүмкіндігі шектеулі балаларды кіріктіру түрлері көрсетілген: «Ата-аналардың немесе өзге заңды өкілдердің мүдделерін ескере отырып, жергілікті білім беру органдарымен келісім бойынша білім беру ұйымдарында даму мүмкіндігі шектеулі балалармен дені сау балалардың бірлесіп оқитын сыныптары немесе арнайы білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларында көрсетілген толымдылыққа сәйкес бұзушылық түрлері бойынша арнайы сыныптар ашылуы мүмкін». Осы үлгілік қағидалары негізінде бір сыныпта даму мүмкіндігі шектеулі екі баладан артық оқытылмауы тиіс [7].

Инклюзивті білім беру негізіне баланы кез келген дискриминациядан құтқаратын, барлық адамға бірдей қарым-қатынасты қамтамасыз ететін, бірақ ерекше білімділік қажеттілікті талап ететін балаларға арнайы жағдай жасайтын идеология салынған.

Бүгінгі күні жалпы білім беретін мектептерде 60 мыңға жуық мүмкіндігі шектеулі балалар оқып жүр. Осы мақсатта білім беру жүйесіне, олардың мүмкіндіктерін ескере отырып, өзгелермен тең білім алуына жағдай жасау еңгізіліп жатыр. Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы заңға сәйкес мектептерде мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқытуға және тәрбиелеуге тең қол жеткізу үшін жағдайлар жасалу міндеті алға қойылған: мектептерде педагог-дефектологтардың, балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің, арнайы жеке техникалық және компенсаторлық құралдардың болуы. Үйде білім алатын мүгедек балалар жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктері ескеріле отырып, компьютерлік техникамен қамтамасыз ету сияқты істері жүзеге асырылмақшы. Осылайша мемлекетімізде мүмкіндігі шектеулі жандарды әлеуметтік қорғау, олардың қоғамға етене араласуына, оларды оңалту, жұмысқа орналастыру және жаңа жұмыс орындарын құру, білім алу, оқыту, қайта мамандандыруда мүмкіндігінше жағдай жасалуда [3].

2000 жылғы бүкіләлемдік білім беру форумында **Саламанк декларациясы** бойынша мектеп негізін қалаушы қағидасының мәні – мүмкін болған жерде, оларда болуы мүмкін қиындықтар мен айырмашылықтарға қарамастан, барлық балалар бірге оқуы тиіс. Саламанк декларациясында инклюзивті білім беру саясатының міндеттері анықталған:

- ◆ Әрбір бала білім алуға құқылы және оны алуға тиіс.
- ◆ Әрбір баланың дара қабілеттері, қызығушылықтары, қажеттіліктері және оқуға деген мұқтаждықтары болады.
- ◆ Білім беру жүйесіне оң өзгерістер, яғни осы мұқтаждықтарды қанағаттандыру мақсатына орай өзгерту.

Инклюзивтік мектептер өз оқушыларының түрлі қажеттіліктерін мойындап, оқытудың түрлі стильдері мен өлшемдерін қолдана отырып және лайық оқу жоспарының, ұйымдастыру шараларының, оқыту стратегияларының, ресурстарды пайдаланудың және қоғамдастықтармен серіктестік қарым-қатынастың көмегімен барлығына сапалы білім беруді қамтамасыз ете отырып оларды қанағаттандыра білуі тиіс. Әрбір мектепте кездесетін ерекше қажеттіліктерді қанағаттандыру бойынша тұрақты қолдау мен қызметтер көрсетілуі тиіс. [8]

Сонда да қазір шет елдердің денсаулық және тұрмыстық жақтарынан мүмкіндіктері шектеулі оқушыларды кіріктіріп оқыту тәжірибесі болғанына қарамастан, инклюзивті оқыту тек теория түрінде ғана жасалған. Қазақстанда және де басқа ТМД мемлекеттерінде бұл үдерістің құқықтық, ғылыми, оқу-әдістемелік, маманмен қамтамасыз етуі қарастырылмаған. Инклюзивті білім беру жүйесі кездесіп отырған күрделі мәселе - оған қоғам тарапынан туып отырған теріс көзқарас проблемасын жою керек. Ақпараттың аздығы, қорқыныш, бала құқын аяқасты ету – осының бәрі даму

мүмкіндігі шектеулі балаларға теріс көзқарасты дамытады. Бір жағынан, арнайы оқыту әдістемесінің жоқтығы инклюзивті білім беру үшін елеулі қиындықтар туғызады. Осыған орай, инклюзивтік білім беруді ұйымдастыру мәселелерін бастауыш сыныптан бастап қарастыру өзекті.

Қорыта айтқанда, инклюзивті оқыту – балалардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту арқылы барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеріп, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісін дамытуға болады. Мұндай оқыту түрі арнаулы білім беру жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан және даму үстіндегі формаларды ығыстырмайды, қайта жақындатады. Болашақта инклюзивті білім беру жүйесін дамытуда қойылған міндеттерді шешу үшін: мүмкіндігі шектеулі балаларды біріктіріп оқытудың модульдік бағдарламаларын; мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортада біріктіріп оқыту ережесін әзірлеу жоспарлануда, әртүрлі бұзушылықтары бар балалар үшін интеграция нысандары анықталуда, қашықтықтан білім беруді ұйымдастырылуда, мектептерде мүмкіндігі шектеулі балалар үшін санитарлы бөлмелер және басқа да арнайы компенсаторлық құралдармен жарақтандыру арқылы «кедергісіз аймақтар» құрылу жоспарда бар. Инклюзивті бағыт арқылы мүмкіндігі шектеулі балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Осы бағытты білім беру жүйесіне енгізу арқылы оқушыларды адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелей аламыз. Сонымен бірге, инклюзивті оқыту үрдісі балаларды толеранттылыққа тәрбиелеудің бастауы болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Руководящие принципы политики в области инклюзивного образования. – Париж, ЮНЕСКО, 2009 г. URL: <http://inclusive-edu.ru>.
2. Қазақстан Республикасы Президенті Н.А.Назарбаевтың 2014 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» URL: <http://akorda.kz>
3. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. www.edu.gov.kz.
4. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // "Егемен Қазақстан", 2010. – № 529-532 (26375)
5. Step by step – болашақ педагог-тәрбиешіні жоғары оқу орнында даярлауда жаңа білім беру технологиясы // Қазіргі кезеңдегі педагогикалық және психологиялық ғылымның өзекті мәселелері: Аймақтық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2003.
6. «Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеуді қолдау жөніндегі 2007-2009 жылдарға арналған іс-шаралар. URL: <http://adilet.zan.kz>.
7. Жалпы білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары. URL: <http://adilet.zan.kz>
8. «Саламанкская декларация о принципах, политике и практической деятельности в сфере образования лиц с особыми потребностями». – Саламанка, Испания, 7-10 июня 1994 г. URL: <http://edu-open.ru>.





M.A.ZHETPISBAJEVA

The branch of «JSC «Orleu» Institute of improvement of qualification of pedagogical workers in Karaganda Region, head of monitoring and analysis department, Candidate of Philological Sciences

A.S.FAZYLOVA

Academician E.A.Buketov Karaganda State University, Graduate student

DEVELOPMENT AND TENDENCIES OF PLURILINGUALISM IN EDUCATION SYSTEM OF KAZAKHSTAN

Мақалада Қазақстандағы көптілді білім берудің жаңа аспектілері қарастырылады. Көптілді білім беру мазмұнында полиэтникалық, поликонфессиялылық және елдің либералды тілдік плюрализмы есепке толық алынбайды. Оның үстіне, білім беру жүйесінің өзгеруі, Қазақстанның әлемдік глобализация және интеграция үдерістеріне тартылуы Қазақстанның полимәдениеттілігін әлеумет дамуының озық факторы ретінде анықтайды.

В статье раскрываются новые аспекты полиязычного образования в Казахстане. Унифицированность содержания языкового образования не учитывает в полной мере полиэтничность, поликонфессиональность и либеральный языковой плюрализм страны. Модернизация образования, вовлеченность Казахстана в мировые глобализационные и интеграционные процессы определяют поликультурность Казахстана как прогрессивный фактор развития общества.

KEY WORDS: plurilingualism, education, language policy, policy of trilingualism, trinity of languages, interlinguocultural competence, dialogue of cultures, secondary linguistic identity.

Currently, there is a high emphasis made on the issue of Trilingualism in the national system of education of Kazakhstan - curriculum is taught through Kazakh, Russian and English. This strategy is considered to be a progressive factor in the development of society. Furthermore, the cognitive benefits of plurilingualism in education programs independent of which languages are involved are being recognized by educators and researchers around the world [1, 6-9]. In this perspective it's very interesting to look upon the language policies, tendencies and perspectives of Kazakhstan that regulate the official status of the languages and determine their use in school curriculum.

Ethnolinguistic uniqueness of the Republic of Kazakhstan indicates the objective need to take into account the peculiarities of the language situation and problems of language planning in the foreign language education system. This uniqueness stems from the multiethnic and multi-confessional character of the state, where there is around 25% of the population is Russian, about 130 ethnic groups are representing nationalities other from titular, and the Kazakh language has no proper demand and popularity due to its limited

vocabulary -building as a result of Soviet legacy, as well as the Tsarist national policy of the Russian Empire. Kazakhstan resulted in a “settler colony” after the abolition of serfdom in the mid-nineteenth and Russian migration to Kazakhstan that followed, forced settlement of nomads in 20’s-30’s and the famine and emigration that caused the loss of 40% of titular nation in the country [2, p.212]. This was also followed up by the inflow of ethnically diverse immigrants during the Stalin’s deportation policies. Under strong ideological reasons for russification "until the late 1980, the Communist party (CPSU) actively promoted the Russian language as a common bond uniting the multiethnic 'Soviet people' [3, C.98]", paradoxically followed up by the socialist formula of Soviet propagand machine of the "socialist in content but national in form [4, p.420]."

The deconstruction process and institutionalization of “kazakhization” (kazakh language revival) after 1991 was manifested in the pragmatic approach of ethnic reconciliation to establish interethnic civic stability [5, p.166]. Moreover internationalism was chosen to win legitimacy and avoid any possible secession. In this perspective, the Kazakh language has rather a civic (national rather than ethnic) *de jure* prime position while *de facto* use of Kazakh language is limited to bureaucracy, administration and state enterprises. As O’Callaghan [6] states little is being done to make it possible to use Kazakh by all walks of life when questioning If the goal to introduce Kazakh is as a language of bureaucracy or as a spoken language of the Kazakh people.

Thereof, the main difficulty in building the most favorable language area in Kazakhstan is the construction of an optimal model of functional development of the languages and their parity, as well as preservation of tolerant language environment, in which the state language will become a major factor of uniting all Kazakhstani nation, meanwhile it’s significant to create optimal conditions for the preservation of the basic principle of national culture - the languages of representatives of all nationalities living in the country that is reflected in the Concept of Kazakhstan language policy of the Republic of Kazakhstan [7]. The idea of language as a key mechanism for national unity and a means of preserving linguistic diversity in Kazakhstan reflected in the documents of language policy of Kazakhstan.

Thus, the cultural project "Trinity of languages", first proposed in annual Message of the President of Kazakhstan N.A. Nazarbayev "New Kazakhstan in the new world" [1], enlarges the multi-language framework and defines "the Kazakh language - as the state language, Russian – as the language of interethnic communication and English – as the language of successful integration into the global economy" [8.]. Consequently, knowledge of these prior three languages is a prerequisite for the own welfare of contemporary Kazakhstani society.

However, critics of the project put that due to the policy of "trinity of languages" Kazakh language might gradually become extinct since the knowledge is not created in Kazakh language, Russian will occupy dominant and officially recognized in public authorities role while learning the foreign language will be more important than the state and Russian languages. Among them, the Director of the Centre for the Study of Central Asia and Kazakhstan at University of Seattle (USA) William Fierman: "In my opinion, this idea is correct, and it will contribute to the development of the country. But it is too early to talk about the trinity of languages in Kazakhstan. At this point your country is dominated by a single language – Russian, although the Kazakh language is the state one according to Constitution. So, the problem with the Kazakh language, as the state one, is a low demand for it. English language very quickly began to occupy a significant position in Kazakhstan and this is a very good trend" [9]. Moreover, as Luke O’Callaghan [6] puts, when comparing the Irish-English Bilingualism and language situation in Norway with that of Kazakhstan’s, seeing English as a language key that could open the door of opportunity we shouldn’t abandon the native language that is lacking power and prestige in favor of English for the sake of progress.

Concept of National Policy of the Republic of Kazakhstan till 2015 and the State program of development and functioning of languages in the Republic of Kazakhstan for



2011-2020 aim at full operation of the state language as the most important factor in strengthening interethnic harmony and Kazakhstani patriotism (the question of cultural education) and preserving the languages of all ethnic groups of the country at the same time, while knowledge of Kazakh language is considered as the duty of every citizen.

Thereby, the shift of language priorities in Kazakhstan resulted in defining its main direction as development and support of the state language according to the Concept of National Policy of the Republic of Kazakhstan till 2015 (par. 6. *In linguistic sphere*): "Termination of policy of reliance on three languages, approval of the concept of superiority of the state language." [10].

Consequently, there is a need to address language education issue associated with the active study of English and new multilingual situation in the country, i.e. gradual transition bilingualism of citizens into plurilingualism. Fundamental elements of the latter should be the native language as awareness of belonging to one's own ethnic group, the Kazakh language as the state, contributing to the success of civic integration, the Russian language as a source of scientific and technical information and foreign languages as the developing human capacity for self-identity in the global community. In this case the State program of development and functioning of languages in the Republic of Kazakhstan for 2011-2020 defines target indicator as an increase in the proportion of people possessing linguistic capital, i.e. knowing three languages (state, Russian and English) by 2014 - 10%, by 2017 - 12%, and by 2020 - to 15%. The program also focuses on trilingualism - the increase by 2020 the share of people knowing Kazakh language by 95%, Russian - 90% and English - 20%, respectively. The share of people with English proficiency should gradually reach by 2014 - 10%, 2017 - 15%, 2020 - 20% [11].

The way out from this situation is the idea of Trilingualism of the President, designed to provide access to the world knowledge through the study of the English language along with the state and Russian, which indicates the urgent need for the creation of innovative models of general secondary education. This innovative model of general secondary education should "combine the best traditions of Kazakhstani and world educational systems that will accustom school students to research and experimental activities and grow up a highly educated person with an active life position, able to compete on an international level.

This bidirectionality of language education (inside and outside) in the context of the dialogue of cultures according to Khaleeva I.I. [12] should be realized via intercultural education with the main objective of formation of a secondary linguistic identity. The author defines "Interlinguocultural" direction of intercultural education as oriented outside towards learning and study of languages, traditions of European and world cultures and civilizations (outside directionality), which provides an opportunity for a personality to exit into the real intercultural and international context of interaction and communication. Accordingly, personality having the ability to be in the commensuration of different linguocultures performs intercultural interaction on the basis of preserving its own worldview and world understanding that is based on the solidity of own national-ethnic identity structure of personality (inside directionality) and his formation as a multicultural personality.

Thereby, the task of the multicultural education is to form a personality with a holistic picture of the world's cultural diversity, tolerance for other cultures, develop interlinguocultural competence as a combination of forms of intercultural human interaction with the representatives of different cultures and civilizations [13, p.61].

To educate this kind of intellectual personality requires changes in the existing structure of the school system, design of curriculum, teaching methods, principles of evaluation of educational achievements.

Plurilingualism in foreign language education should contain of such principles as principle of reliance on the native language, principle fundamentality of foreign language education, principle of problemness and interactivity. Approaches of plurilingual education include method of total physical response, natural approach, communicative approach, content and language integrated learning (CLIL).

The cognitive benefits of plurilingual education by P.Mehisto [1, p.8] that contribute to the economic, social, cultural, political and health well-being of plurilingual communities comprise increase in the cognitive load that the individual can handle at one time, that it improves episodic and semantic memory, increase of metalinguistic awareness, and encouragement of the development of higher-order problem-solving skills. Here, Bialystok [13, p.499] found that by purposefully controlling language processing a learner can 'consider the aspects of language relevant to the solution of a problem' (principle of problemness). Such learners are more confident in their approach to solving difficult problems and might have better metalinguistics skills allowing them to self-correct when solving problems.

Such changes in language policy and language education strategy of Kazakhstan, occurrence of considerable amount of variations in foreign language education programs, the diversification of the approaches and principles of plurilingual education, development of various types of schools has lead to the following cause-and-effect factors hindering the modernization of foreign language education system in Kazakhstan:

1. violation of the integrity of the educational space and unification of the subject content of foreign language education;
2. lack of a unified methodological and theoretical content of foreign language education;
3. lack of target predetermination in teaching with the final result of preparing students for work in a constantly changing world;
4. absence of a universal system of ranking and evaluation of proficiency in foreign languages;
5. disruption of succession and continuity in foreign language education [14, p.30]

Certainly, this situation is characteristic of transitional period of development of plurilingual Kazakhstan. Modern requirements for the level of foreign language proficiency determine the need for the active introduction of variative system into the theory and practice of education. Consequently, there is a need for a whole range of measures in the system of foreign language education to resolve these issues.





Г.Е.ҚУАНЫШБЕКОВА

«Өрлеу»БАҒО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша ПҚ БА институты,
тұлғану тәрбиелеу және әлеуметтендіру кафедрасының аға оқытушысы

ЕРТЕ ЖАСТАН АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

В данной статье рассматриваются вопросы использования коммуникативно-ориентированного обучения иностранным языкам. Рассмотрены способы применения эффективных методов и технологий обучения на уроках английского языка.

This article discusses the use of communicative-based learning, as well as the ways of applying effective methods and technologies for English lessons.

ТҮЙІНДІ СӨЗДЕР: имитативті-репродуктивті, репродуктивті-продуктивті, продуктивті-креативтік тәсілдер, коммуникативті қарым-қатынас, оқушылардың білім-білік дағдыларын қалыптастыру

Оқушылар қазақ тілін толық әдеби нормада меңгеріп, орыс тілі мен ағылшын тілін еркін білу қажет. Ал ғалымдардың зерттеуінше, бала жас кезінде тілді қиналмай әрі еркін меңгереді екен. Ағылшын тілін бастауыш сыныптан бастап үйретуге назар аударуы – дұрыс талап. Бүлдіршін жаста меңгерілген білімнің іргетасы берік әрі мықты болмақ. Ал осы берік әрі мықты білімді санаға себелеп, жанға ұялататын, әрине, мұғалім. Ағылшын тілі пәні мұғалімдері қазіргі кезде ағылшын тілін оқыту сапасын жақсарту мақсатында тіл үйрету саласында әлемдік озық тәжірибелерді, жаңа технологиялар мен әдістерді барынша қолдануда. Ағылшын тілін оқыту имитативті-репродуктивті, репродуктивті-продуктивті, продуктивті-креативтік тәсілдер арқылы жүзеге асырылады:

✓ имитативті-репродуктивті кезеңде оқыту негізінен ойын технологияларын қолдану арқылы коммуникативті тілдік мысалдарға сүйене отырып іске асырылады: тілдік ойындар (фонетикалық, грамматикалық, орфографиялық, лексикалық) жұмбақ-ойын.

✓ репродуктивті-продуктивті кезеңде оқыту интерактивті формада өтеді. Мұнда аудио-визуальды құралдар негізінде қарым-қатынас жағдаяттары жасалынады, тілдік жаттығулар, бірлескен тілдік және қарым-қатынас ойындар, жағдаятты-рөлді ойындар (мини-жағдаяттар, ертегілер мен мультфильм қойылымдары) өлең, ән жаттау, викториналар мен ертеңгіліктер өткізу.

✓ продуктивті-креативтік кезеңде өтілген тақырып негізінде шетел тіліндегі қарым-қатынас жоба технологиясы көмегімен ұйымдастырылады. Мұнда негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыру мақсатында пәнаралық қатынас ауқымды рөл атқарады (мағлұматты, коммуникативтік, мәселелердің шешімін табу құзыреті).

Ерте жастан шетел тілін оқыту оқушылардың коммуникативті даму біліктілігін, оқушылардың қызығушылығын ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Түрлі-түсті суреттері мен тақпақ, қысқа өлеңдер шумағы музыкасымен берілген үйретуші жаттығуларының

маңызы ерекше. Мұндай жаттығулар оқушының есте сақтау қабілетін дамыта түседі. Осы мақсатта фонетикалық, грамматикалық және музыкалық аудио-курс тыңдалып отыруы қажет. Сонымен қатар тілді оқып үйренуде айтарлықтай қиындықтар тудыратын ағылшын тіліне тән дыбыстарын дұрыс айту дағдыларын қалыптастыруды әрдайым жұмыстар жүргізіп отыру тиімді.

Ағылшын тілі сабағында бүлдіршін жастағы оқушылардың тілін дамыту, тыңдап түсінуге үйрету білім-білік дағдыларын қалыптастыру, сөйлеуге деген қызығушылығын, белсенділігін арттыру мақсатында жүргізілетін жұмыстарға төмендегідей әдістерді жатқызуға болады:

Тіл дамыту жолдарын дұрыс ұйымдастыру ерте жастағы оқушылардың ойлау қабілетін, мұғалім сабақтың әр минутын тиімді және дұрыс пайдалағанда оны қандай тиімді жолдармен жүргізуге болады? Сабақты баланың ойын осы сабаққа аударатындай тиімді әдісті күнделікті сабақ барысында тіл дамыту үшін төмендегідей тәсілдері берілген:

- ✓ сөздік арқылы тіл дамыту;
- ✓ мәтінге байланысты тіл дамыту;
- ✓ көрнекі құралдар арқылы тіл дамыту;
- ✓ үйірмеге және басқа жұмыстарға қатысу арқылы тіл дамыту.

Ағылшын тілінің негізгі мақсаты оқушыларға тіл үйрету болғандықтан, ағылшын тілі сабағының негізгі арқауы – тіл дамыту. Тіл дамыту жұмыстарының тәсілдері төмендегідей:

- ✓ грамматикалық тапсырмаларды түрлендіріп беру;
- ✓ мазмұнды суреттермен жұмыс ұйымдастыру;
- ✓ оқушыларды топқа бөліп, өзара сөйлестіру;
- ✓ белгілі бір тақырыпта берілген әңгімені жалғастыру;
- ✓ шағын көріністер даярлату;
- ✓ мәтінмен жұмыс жүргізу.

Осы тәсілмен кез келген мәтінді диалогқа айналдыруға болады. Мәтін мен іріктеліп алынған сөздердің синонимдік, омонимдік, антонимдік сыңарларын мәтін бойынша жүргізілетін жұмыстың басқа түрлері де өте көп. Мәтін ішінен негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді табу. Белгілі бір жоспар бойынша мазмұнын айту. Мәтін бойынша сурет салғызу. Мәтін бойынша орындалатын тапсырмалардың амал-тәсілдерін түрлендіріп қолдану. Ғылым мен техниканың жылдан-жылға жедел қарқынмен дамуына байланысты деңгейлеп оқыту технологиясы, блокпен оқыту технологиясы, модульдеп оқыту технологиясы арқылы оқыту. Қазіргі кезеңде пән мұғалімдерінің кеңінен қолданып жүрген тілдік жаттығуларының біріне «Warming up» жаттығуын кіргізуге болады. Тілдік жаттығудың мақсаты – сабаққа деген бетбұрыс туғызу. Тілдік жаттығу барысындағы мұғалімнің жылы дауысы, сұрақтардың алдын ала ойластырылып тапсырмалардың дұрыс жоспарлануы мұғалім мен оқушының арасындағы жақсы қарым – қатынас туғызып, алдағы сабақтың нәтижесін жоғарылата түседі.

Дамыта оқытудың нәтижеге бағытталған білім беру технологиясына диалогтық оқыту жатады. Диалог – бұл екі не одан да көп адамдардың сөйлеу кезіндегі қарым-қатынасы. Біреуі тыңдаушы, біреуі-сөйлеуші бола алады.

Ауызша әдіс – теория және фактіге негізделген білімді қалыптастыруда, үй тапсырмасын және жаңа сабақты пысықтауда, ережелерді қайталауда пайдаланылады.

Ерте жаста шетел тілінде ауызша сөзді түсіну – баланың естіген сөздердің мағынасына тыңдап түсінудің негізгі топтарына мыналар жатады:

- ✓ тыңдап түсіну дағдылары;
- ✓ сөздерді және сөз тіркестерін түсіне білу қабілеті;
- ✓ дыбыстарды, дауыс интонациясын ажырата білу.

Тыңдау процесі есту қабілеті механизмімен тығыз байланысты. Тыңдап-түсіну әдісі – берілетін аудиомәтіннің тақырыбын таңдау өте маңызды. Ол өз ішінде айтылып жатқан сөзді тыңдап-түсіну, оған логикалық жауап беруді қамтиды, сондай-ақ шет тілін оқытуда өте жақсы құрал болып табылады. Оның тағы бір қасиеті оқылып жатқан шет тілінің дыбысталу жағын үйренуге, яғни, әуен, екпінді дұрыс қоюды үйренуге мүмкіндік береді. Тыңдай білу арқылы тілдің лексикалық құрамы мен грамматикалық құрылымы үйреніледі және ол оқу мен жазуды меңгеруді жеңілдетеді.

Есту, ауызша сөзді түсіну үшін бір материалды бірнеше рет тыңдауға үйренуді сөйлеушімен бетпе-бет отырып тыңдаудан шетел тілін тыңдап түсінудің өзіне тән қиыншылықтары бар, ауызша сөйлеуге үйрету – шетел тілін оқытудың ең түсінуді тексерудің ең басты бөліктерін біріншіден, сурет арқылы, екіншіден, сурет арқылы үйрету кезінде қажетті суретті таңдау. Шетел тілін аудармасыз түсінудің тағы бір жолы ұнтаспа естуімен басталады. Тыңдап-түсіну, көріп-байқау құралдарының ішінде сабақ берудің барлық сатысында қолдануға болатын түрі – аудио құралдар, радио мен теледидардың хабарлары, сұхбаттар жазылған ұнтаспа, т.б.

Аудиоматериалдар сабақта мынадай мақсатта қолданылады:

- қажетті ақпаратты күшті әсерлілікпен жеткізеді;
- бастауыш сынып оқушысының бақылаушылығы мен талдау дағдыларын жетілдіреді, өз пікірін, ойын тұжырымдап айтуға үйретеді.

Таспа арқылы тыңдалатын мәтін, ән айту оқушының тілін дамытады. Тіл үйренудегі тыңдау сөйлеумен тығыз байланысты. Оқушыға таспадан естігенін тілінде пайдалану қажеттігі туады. Таспадан тыңдалған мәтін бойынша сұрақ қою ең тиімді жол, өйткені оқушы сұраққа дұрыс жауап беру үшін мәтінді ынтамен тыңдап, мәнін түсінуге тырысады. Мысалы, оқушылардың аудиомәтіннің жалпы мазмұнын түсінгендіктерін тексеру үшін мынадай жұмыстар жүргізуге болады:

- а) мәтіннің мазмұнына байланысты сұрақ беру, әр сұраққа екі жауап ұсыну;
- ә) бірнеше сөйлем беру, солардың біреуі ғана аудиомәтіннің мазмұнына сәйкес келеді. Оқушылардың білімін бағалау негізінен, екі түрлі шартқа байланысты. Оның бірі – түсінгенін дұрыс айта білу, яғни сөйлемді дұрыс құрастыру, жеке дыбыстарды, сөз тіркестерін дұрыс оқуы, сөз тіркестерін ауызша, жазбаша дұрыс қолданып, ерекше дыбыстарды меңгермейінше, дұрыс сөйлеу, сауатты жазу мүмкін емес. Алғашқыда тыңдаушы аудиоматериалдарды тыңдағанда түсінбеген дыбыстарды ажыратуға арналған жаттығулар орындалады.

Көрнекі әдіс – бақылау қабілетін дамыту, оқылатын мәселеге ықыласын көтеру және оқу материалының мазмұнын көрнекілік арқылы түсіндіруде қолданылады.

Мультимедиадағы бейнелер мен графикада шетел тілін сазды кескіндемелік анимациялық иллюстрациялар арқылы бере отырып, шетел тілін оқытуда үлкен маңызға ие. Бұл кездегі ұсынылған формалар, құралдар, политра, дизайн, лингвистикалық, көркемдік және т.б. шешімдердің үйлесім табуы шетел тілін үйрену үдерісіндегі оның мазмұнын толықтырады. Олар оқушының барлық сезім мүшелеріне әсер ете отырып, оның ойлау қабілетін арттырып, аналитикалық ойлауы мен бейнелік қабылдауының, есте сақтауының барлық түрлеріне қозғау салып, оқу ақпаратын толыққанды қабылдауына және тануына негіз болады.

Мультимедиа оқушылардың оқу ақпаратын қабылдаудағы көру және есту бейнелерін өзара үйлестіреді. Мультимедиа, презентациялар, видеофильмдер сонымен қатар оқушының оқу мазмұнын анықтап, жақсы меңгеру үшін, шетел тіліндегі экстралингвистикалық ақпаратты игеруге көмегін тигізеді. Бұл ақпарат шетел тіліндегі грамматикалық ерекшеліктер мен лингвистикалық ақпараттарды айқын да дәл қабылдауға ықпал етеді.

Мультимедиалық құралдардың заманауи технологияларын енгізу – оқу үдерісінің мәнін байытады, оқушыларға қатты әсер етеді, балалардың тіл үйренуге деген ынтасын арттырады, оларды шетел тілін ақиқат өмірде қолдана алуға үйретеді және мұғалім мен оқушы арасында тығыз байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Жаңа

ақпараттық технологияларды орта мектептерде қолдану тиімділігі шетел тілін оқытудың жаңа техникалық құралы ғана емес, сонымен қатар тілді үйретудің жаңа форма мен әдісі ретінде қарастырылып отыр.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы – бастауыш сынып оқушысы өз ойын ортаға салып, сөйлеу тілін дамытуға және сөздің қорын молайтуға жетелейді. Оқушылар сабақта берілген сөздердің көмегімен өздері мәтін құрайды.

Бүлдіршін жастағы оқушының оқу дағдысын қалыптастыруда жалпы жазба тілі мен ауызекі сөйлеу тілі тікелей байланысты. Оқушыларды шығармашылықпен ойлауға тәрбиелеу – мұғалімнің міндеті. Сондықтан бұл жұмыс түріне ерекше талап қою керек.

Репродуктивті әдіс – бұл әдістің бастауыш сынып оқушылары үшін орны ерекше. Оқушылардың білімі айтарлықтай мықты болуы үшін, сөздер мен сөйлемдерді бірнеше рет қайталауы қажет. Мұғалім тапсырмасы бойынша қайталап айтып беру және қайталау әдістері репродуктивті (көшірмелі) әдістерге тән болады. Бұл әдістердің негізгі міндеттері – мұғалім, оқушы және әртүрлі формада берген білімдерін меңгеруді ұйымдастыруда жатыр.

Практикалық әдіс – практикалық іскерлік пен әдетті дамыту үшін және тақырып мазмұнына сәйкес практикалық жұмыстарды жүргізу үшін түсіндірілген материалды оқушылардың қаншалықты меңгергенін бақылау үшін пайдалану өте тиімді.

Ән айту тілдік қарым-қатынас құралы ретінде жаңа сөздер мен сөз тіркестері құралып, төменгі сынып оқушысының сөздік қорының көбеюіне ықпал етеді. Ән, өлең тыңдау кезінде таныс лексика бүлдіршін есінде тез жатталады. Ән айтып үйрену барысында оқушы дыбыстарды дұрыс атап үйренеді, сөйлемге дұрыс екпін қояды. Әнмен жұмыс барысында оқушының көңіл күйі көтеріліп, тілге деген қызығушылығы арта түседі.

Іздену әдісі – өзінше ойлануды және зерттеу қабілеттерін дамыту үшін оқушыларды тақырыпты проблемалық оқытуға әзірлеуде қолданылады. Оқушылардың өзара қарым-қатынас кезінде коммуникативті, ойлау қабілеттері дамиды.

Индуктивтік әдіс – қорытынды жасау қабілетін дамыту күрделендіре оқыту үшін, ойлау қабілетін қалыптастыру үшін пайдаланылады.

Өзіндік жұмыс әдісі – оқу әрекетінде жұмыс істеуде қабілетті дамыту және оқу еңбегінде дағдыны қалыптастыруда жеңіл тақырыптарды өз бетінше дайындауға, дидактикалық материалдармен тиімді жұмыс жасай білуге баулу үшін қолданылады.

Ойын әдісі – бүлдіршін жастағы оқушының сабаққа деген қызығушылығын оятып, белсенділіктерін арттыра түседі, сонымен қатар оқушылардың сөйлеу – білік дағдыларын қалыптастырады. Аталған әдістерді пайдалана отырып түрлі тапсырмалар мен жаттығуларды, теориялық мәселелер мен қағидаларды меңгерту тиімді болып табылады.

Ерте жастан ағылшын тілін оқытудағы бір негізгі аспект ол ойын элементтерін тиімді пайдалану болып табылады. Ойын арқылы бала қоғамдық тәжірибені меңгереді, сондықтан әр сабақ үрдісінде қандай ойын қолдануға болатынын сабақтың мақсатына, жас ерекшелігіне сәйкес таңдау керек. Ойын арқылы баланың өтіп жатқан тақырыпты қаншалықты деңгейде меңгергендігі байқалады.

Ойын үстінде сөйлемейтін, нашар оқитын оқушының өз-өзін жан-жақты көрсеткісі келіп, сыныптастарымен, ұстазымен қарым-қатынасын жақсартады, сөйлеу дағдысын байқатады. Ойын баланың жеке ерекшелік қасиеттерінің дамуына, ішкі жан дүниесінің жаңаруына, пәнге деген қызығушылығын оятады. Ойын оқушының байқампаздығын жетілдіреді, тілді білуге деген құмарлығын арттырады. Осыдан да ойын араласқан сабақтың жаңа түрін ойлап табу мұғалім шығармашылығын талап етеді.

Ойындар бес негізгі түрге бөлінеді:

- 1) үстел үсті ойындары;
- 2) дидактикалық ойындар;
- 3) қозғалыс ойындары;
- 4) іскерлік ойындар;

5) интеллектуалдық ойындар.

Үтел үсті ойындары. Бастауш сынып оқушыларының зейінділігін дамытатын, ой-өрісін кеңейтетін құрал. Сыныпта үтел үсті ойындарын топтық және дара жұмыста қолдануымызға болады. Бұған ребус, кроссвордтар жатады, оларды тақтада, ватман қағазында, қима қағаздарда немесе компьютерде орындауға болады. Бұл ойындарды қорытынды, білімді тиянақтайтын сабақтарда қолданған тиімді.

Дидактикалық ойындар. Ерте жастағы оқушылардың таным белсендігін жандандыратын, өздігінен ойлауын дамытатын тәсілдердің бірі. Олар кез-келген оқу материалын қызықты да тартымды қылып, оқушылардың көңілді күйін көтеруге, өздерінің жұмыстарына қанағаттануға және білім үрдісін жеңіл меңгеруге көмектеседі.

Қозғалыс ойындары. Бұл ойындар ерте жастағы оқушылардың іс-әрекеттерін бір түрінен басқа түріне тез ауысуға көмектеседі және ешқандай арнайы дайындықты талап етпейді. Бұларды жабық бөлмеде немесе ашық алаңда да өткізе аламыз.

Іскерлік ойындар. Бастауыш сынып оқушыларының оқу мазмұнын терең меңгеруге және пысықтауға ықпал етеді. Олар саяхат сабақтарда белсене қатысуымен, ауызша мәлімдеуімен, күйзелуімен білімдерін жандандырады. Іскерлік ойындар оқушылардың қиялын дамытады, салыстыруға және дәлелдеуге үйретеді.

Интеллектуалдық ойындар. Бұл ойындар бүлдіршін жастағы оқушылардың зор белсенділігін оятады. Бұл категорияға «ұғымталдыққа, жүйріктікке, зеректікке» бейімделген тапсырмалар – шаралар, жұмбақтар, бас қатырғыштар жатады.

Кез келген ойынды қолданғанда келесі мәселелерді естен шығармау керек:

- ✓ ойынның мақсаты нақты болуы керек;
- ✓ ойын тәртібі әбден түсіндірілуі керек;
- ✓ мектепте әртүрлі ойындарды ойнаған бала шығармашылдыққа дайын болуы;
- ✓ ойын, оның түрі, мазмұны оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай болуы;
- ✓ жарқын көрнекілік ойынды талапқа сай өткізуге ықпал етуі;
- ✓ ойынның қызықты материалы тақырыппен тығыз байланыста болуы;
- ✓ оқушылар түгел қамтылуы тиіс.

Бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу дағдыларын қалыптастыру үшін тиімді әдістерді пайдалана отырып жаттығулар орындатудың маңызы зор екендігін байқауға болады. Демек, олардың іскерлік сөйлеу дағдыларын белсенді ұйымдастыра отырып, тиянақты білім беру – мұғалімнің ой ұшқырлығына, коммуникативті құзіреттілігіне байланысты.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Шетел тілін оқыту әдістемесі /Амандықова Г.Н., Мұхтарова Ш.Е., Баймұқанова Б.С., Бисенғалиева А.Н. – Астана, 2007.
2. Ағылшын тілінің практикалық грамматикасы: оқу құралы /Баймұратова И.А. – Алматы: Қазақ университеті, 2012.
3. Жалпы білім беретін мектептің мұғалімдеріне арналған оқу-әдістемелік құрал: Қазіргі білім берудегі техникалар мен технологиялар /Қараев Қ.А. – Астана, 2010. – 70 бет.
4. Мектеп оқушыларына және талапкерлерге арналған анықтамалық құрал /Новокрещенов А.Т., Еремия Н.Л. – Көкшетау, 2012.



Г.К.МЫРЗАМҰРАТОВА

Қарағанды қаласы №77 жалпы орта білім беру мектеп-балабақша кешені,
жоғары санатты ағылшын тілі мұғалімі

ШЕТЕЛ ТІЛІН БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ОҚЫТУ

В статье обучение школьников английскому языку в начальных классах рассматривается в связи с физиологическими и психологическими особенностями детей этого возраста. Описываются способы применения эффективных методов развития речевой деятельности на уроках английского языка по теме *English Dictation In Pictures в 1-4 классах*.

The article considers English language teaching for the primary school students in accordance with physiological and psychological characteristics of children of this age. Ways of using the effective methods of developing the speech activity at English lessons are described on the example of the topic *English Dictation In Pictures* in grades 1-4.

ТҮЙІНДІ СӨЗДЕР: когнитивтік процестері, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктері, сөйлеу әрекеті, коммуникативті қарым-қатынас.

Отандық психологтардың пікірінше және Еурокеңес жанындағы халықаралық семинардың (*Грац қаласы, 1998*) ұсыныстарына сәйкес, шетел тілін балаға бастауыш мектеп шағынан, бес-алты жасынан бастап ерте оқыту тіл үйренбек үшін барынша қолайлы мезет саналады. Қазір біздің елімізде де шетел тілін зерделету бастауыш мектептен бастап енгізілді: ағылшын тілі бірінші сыныптан, 6 жастан оқытылады. Осы тұста көптеген мұғалімдер, тіпті біраз тәжірибесі барлардың өзі қиындық сезінуде, себебі, олар бұған дейін мұндай жастағы балалармен жұмыс істеп көрмеген. Мұғалім тап болған бірінші мәселе: оқу мен жазуды өзінің ана тілінде жете үйрене қоймаған балаға ағылшын тілін қалай үйрету керек? Оның үстіне, балалар шетел тілімен қоса бірден тағы екі тілді: қазақша мен орысшаны оқуға тиіс. Сонда баланың сабаққа ынтасы азаймас үшін қалай оқытқан жөн?

Ең алдымен, оқытудың бастапқы кезеңінде олардың жас ерекшеліктерін және сол жасқа тән іс-әрекеттік бейімдерін ескеру орасан маңызды. Психологтар сөзімен айтқанда, бұл кезеңде баланың қабілет-бейімін, талап-талғамын ескеру, оның өзіндік психикалық процестер мен психологиялық ерекшеліктеріндегі басты өзгерістерді қажетті арнаға қарай дамытуға ықпалдасады.

Мектепке дейінгі жаста бала үшін өзін қоршаған әлемді ойын әрекеті үстінде тануы жетекші қасиет болса, алтыға толғанда оның орнын біртіндеп басқа әуестік басады: ойын әрекетін оқуға әуестік алмастырады. Десек те ойын баласының әлі де болса ойынға бет бұра беретінін есте ұстау керек. Бір жағынан, баланың оқуға, білуге, өзінің мектебіне деген белсенді қызығушылығы байқалады, екінші жағынан алғанда, ойнауға деген қажеттік сақталады. Балалардың 9-10 жасқа дейін ойынға әуестігі қалмайтыны белгілі.



Іс-әрекеттің негізгі көрінісі сол әрекет арқылы оянып-дамитын мотивтер болып табылады. Осынау мотивация кезеңінде балаларды шетел тіліне баулуды ұйымдастыру сәтті боларын ескеру керек.

Баланың ойындық талабы қанағаттандырылмайтын болса, оның тұлғалық дамуына айтарлықтай нұқсан келеді, сабақта жәй ғана отырғанымен, оқуға деген ынта баяулайды. Осы тұста баланың **когнитивтік процестері** деп аталатын психикалық үдерістерді талдауға келсек, **бұл оның қоршаған ортаны қабылдап, танып-білуін, ойлауын, жадын, назарын, түйсігі мен елестету қабілетін қамтамасыз етеді.**

Назар салудың, есте сақтаудың және түйсініп қабылдаудың негізгі көрінісі – еріксіздік. Мәселен, материалды ұғындыру кезінде алтыжасар мен жетіжасар балалардың назарын айқын көріністер шапшаң тартады, яғни сабағымыз барынша көрнекті болса ғана бала эмоциясына әсер етеді. Алайда бала назарының тұрақсыздығын ескермесе тағы болмайды: олардың назары тек бірнеше минутке ғана тұрақтауы ықтимал. Балалар мұғалімнің ұзын-сонар түсіндірмесін (2-3 минуттан артық) қабылдап отыра алмайды, сондықтан да кез-келген тақырыпты әңгіме түрінде құрған дұрыс. Әсіресе алтыжасарлықтар жетіжасарлықтарға қарағанда қимылсыз ұзақ отыра алмайды, олар «қимылсыздықтан» шаршайды. Алтыжасар баланың жұмыс қабілеті сабақтың 10 минуты өтісімен-ақ саябырсиды. Мұны аңғарған мұғалімнің балалармен қимыл-қозғалысқа құрылған ойын өткізгені (музыкалы болса тіпті жақсы), сөйтіп «жұмыс түрін» ауыстыра қойғаны дұрыс.

Оқушының сабаққа ықыласын дамыту жұмыстың бір түрінен екіншісіне мақсатты тапсырамалардан тұратын тартымды іс-әрекеттер алмастыру арқылы мүмкін. Алтыжасарлықтардың мнемикалық әрекеті (есте ұстау қабілеті) әлі жетіліп болмаған. Оларда **ырықсыз аңғару, яғни эмоциялық әсер етумен қызықтыру арқылы есте ұстау жағы басым.** Сондықтан да материалды балалардың бірі-бірімен еліге қарым-қатынасқа түсу процесінде игерткен жақсы. Ойыншықтар мен кескіндеме-суреттерді мол пайдалану баланың бейнелі, ассоциациялы жадын дамытуға ықпал жасайды, ал мақсатты тапсырманы өзара әңгіме ұйымдастыру (ойлатып-сөйлету) арқылы орындатқан жөн.

Алты жасар балалардың елестету қабілетінің мейлінше ұшқырлығын сабақ үстінде пайдаланған ұстаз ұтады. Ойлау қабілетін дамыту – әрекетті көрнекі бейнелеуге ұластыру деген сөз. Алтыжасарлықтардың осы ерекшелігін ескере келе, мәселен, түрлі-түсті текшелерді (кубиктерді) сөздік үлгілердің құрылымымен таныстыру кезінде пайдалану, ал ойыншықтар мен суреттерді балалар осыған дейін меңгерген тілдік (лексикалық және грамматикалық) қарым-қатынасты пысықтатып, іс жүзінде қолдана білуді ұйымдастыру кезінде пайдалану ұсынылады. Ойыншықтарды бірте-бірте сурет-кескіндермен алмастырса, ойынның оқуға ұласуына жағдай жасайды.

Үлкендермен араласқан кезде балалар өзін-өзі тани бастайды, өз тұлғасының қаншалықты құндылығын білуге ұмтылады. Мұғалім балалармен қарым-қатынас ұйымдастырған кезінде, өзінің жалпы оқушылар тобына қарата айтылған ескертуін әркімнің өзіне арнап айтылған деп қабылдамайтынын естен шығармау керек. Яғни алтыжасар оқушы мұғалімнің күллі оқушыға айтып тұрған сөзін әр оқушыға қарата айтылған деп түсіне алмайды. Бұл жастағы бала мұғалім өзіне жекелеп (есімін атап) айтылған сөзге ғана мән береді.

Ой тереңіне салып есте сақтатудың бір амалы – **материалды мәндес топтастыру**, мәселен: сөздерді оқу ережелерінің ұқсастығы бойынша, тақырыптық ұқсастығы бойынша, грамматикалық мәні бойынша, қолдануы және түрленуі бойынша ұқсас құрылымдар, т.с.с. ұқсастықтары бойынша жаттату жөн.

Тіл үйренуде (ана тілін немесе шетел тілі болсын) баланың танымдық дамуында көзбен қабылдау үлкен рөл атқарады.

Кішкентай оқушының азғалық жетілуінің физиологиялық ерекшелігін ескерудің маңызы бар. Жеткіншек жастағы оқушының миы мен танымдық қызметінің қалыптасуы туралы соңғы мәліметтер мектеп тәртібіне бейімделу кезеңінің оның физикалық,

интеллектуалдық және эмоциялық мүмкіндіктері үшін орасан сынақ екендігін ғылыми түрде дәлелденген. Ал арнайы нейрофизиологиялық және психофизиологиялық кешенді зерттеулер 7-8 жасар балалардың ми қыртысындағы уэзипалық (функционалдық) қырлардың жетілмеуі оның қалыптаспауына және көзбен көргені мен кеңістік қабылдауына сенсомоторлы тұрғыда үйлеспейтінін атап көрсетеді. Біріншіден, бұл жаста көзбен қабылдаудың жетіліп үлгермейтіндігі орталық ми жүйесінің қызметімен байланысты. Айталық, баланың геометриялық фигураларды есте сақтауы және оларды жазбай тануы ересектікіндей болады, ал әріптерді айыру жағы қиындау болады.

Мектепке түскен бала ана тілінде қарым-қатынасқа түсудің жаңа үлгілерін меңгере бастайды да, жазу және оқу үстінде – ауызша жатық сөйлеуін жетілдіре түседі. Оқу мен жазуды қалыптастыруда сөйлеу процесін жетілдірумен қатар нәзік моторикалы көру-кеңістікті бағдарлауын қамтамасыз ететін ми механизмдерін дамыту деңгейі айтарлықтай мәнге ие болады. Әріптерді тану механизмінің қалыптаспауы жылдам оқу дағдысын критериалдық бағалау кезінде тым абай болуды қалайды. Ана тілінде оқу мен жазуды меңгеруде балада байқалатын қиындықтарды тудыратын да оқыту кезінде жоғарыда айтқанымыздай, бұл функциялық механизмдердің жетілмеу факторын есепке алмағандықпен байланысты. Баланың нейрофизиология тұрғысынан алғандағы аңғару ерекшеліктерін зерттеу оның ми қабілеттерінің пісіп-жетілмегендігін көрсеткен, бұл да оқудың бастапқы кезеңіндегі қиындықтың бірі.

Тағы бір бөлек айтып кететін жайт, ол балабақша табы кете қоймаған балалардың үлкендер тарапынан мақтап-көтермелеуді қалайтындығы.

Кішкентай оқушылар үшін айрықша факторлардың бірі – жетістікке жеткендікті ескеру. Оқытуды, сондай-ақ білім бағалауды ұйымдастырғанда оқушылардың табысқа жету жағын мадақтап отыру маңызды. Тіпті сәл жетістіктің өзі балаларды қанаттандырып, пәнге деген қызығушылықты молайтады. Мұғалім белсенділігі төмен балаға оң нәтижесімен көзге түсуіне мүмкіндік беретін тапсырма ұсынуы керек; сәл ғана алға басқандықтың өзін мақтап қойған дұрыс, мәселен: «Жігітсің, сен бұрынғыдан гөрі жылдам оқитын болдың», «Жақсы әңгімелеп шықтың, жетістігіңе қуаныштымын» секілді көтермелеу тиімді. Бала мұғалім қойған бағаны сезімтал қабылдайды. Айталық, 7-9 жасар баланың өзі алтыжасарлықтар секілді, қандай да бір жеке тапсырмаға қойылған бағаны жалпы бағадан жоғары көреді. «Сен дұрыс орындамапсың» дегенді ол «Сен жамансың» деп түсінеді – мұғалім өзін жақтырмайды екен деп ұғынады.

Сонымен бірге жұмыс нәтижесі дұрыс болып шықпағанның өзінде, оқушыны келешекке жігерлендіріп қою керектігін ұмытпау керек.

Білім бағалауда іс-әрекет компоненттерінің бәрі ескерілуі қажет. Осынау жас ерекшелігін ескере келе, Ш.А.Амонашвили жасаған мазмұндап бағалау жүйесін пайдалануды ұсынамыз:

- 1) балаға тұлға ретінде қарап, тілектес қарым-қатынас құру;**
- 2) оқушының берілген тапсырманы орындауға бағыттаған күш-жігерін (тіпті сол күш-жігер оң нәтиже әпермесе де) атап көрсету;**
- 3) оқушының алдында тұрған қиындықтарға және оның жіберген қателеріне нақты талдау жасау;**
- 4) баланың жетістігін одан да гөрі жақсарту алатындығына жол сілтеу.**

Бұл тәсіліміз оқушы үшін өзін-өзі бақылау құралы болып табылуы мүмкін: оқушы мұғалімнің бағалау критерийін білуі керек, осы критерилерге бағдарланудың арқасында оның өзін-өзі бағалауға ұмтылады, «Үздік баға алу үшін, міне, қалай әңгімелеу (оқу, жазу) керек!» деген көзқарасы қалыптасады.

Бірінші сыныпта баға қойылмайды, сондықтан мұғалімдер стикер-смайликтерді, немесе түрлі мультфильмдер мен комикс кейіптерін қолданады (егер оқушының жұмысы жақсы болса, мұғалім ашық бояулы стикер жапсырады, бұл амал балаларға ұнағандықтан, олар көбірек стикер жинауға ұмтылады). Кейін сол стикерлерін санатып, дәптерде ұқыпты орындаған жұмысы үшін баланы ынталандыру мақсатымен мұғалім

жинаған бес стикеріне сәйкес журналға «5» қоя алады. 6-10 жасар балалардың психологиялық ерекшеліктерін есепке алу және жетістігін одан әрі дамыту бастауыш мектептегі оқу процесінің табыстылығында маңызды фактор болып табылады.

Баланың шет тіліндегі сөзді түсінуі құлағымен мұқият тыңдай білуі арқылы мүмкін болатындығы да мұғалімнің назарынан тыс қалмауы қажет.

Сөздің ауызша дұрыс дыбысталып жеткізілуін дамыту бастауыш мектептің маңызды мақсаты болып табылады, себебі бұл ағылшын тілінде оқу мен жазуға табиғи түрде көшу үшін қажетті коммуникативтік база алғышарттарын даярлайды. Мұның өзі шетел тілін мектепте ерте үйретуді әуелгіде сөздің ауызша дыбысталуына құлақ үйретіп, дәл сондай ауызша дұрыс дыбыстап айту принциптерін жүзеге асырумен бастаудың не себепті қажеттігіне көз жеткізеді.

Оқу процесіндегі есту (аудирование) дегеніміз оқытудың көрнекі құралы әрі мақсаты болып табылады. Аудио тілдің үндік-дыбыстық жағын меңгеруге, оның фонемдік құрамын және интонациясын – ырғағын, екпінін, әуезділігін – ұғынуға мүмкіндік береді. Аудио сондай-ақ балалардың өзара қарым-қатынасында лексикалық және грамматикалық тәсілдерді меңгеру құралы болып табылады. Білім беру құралы ретінде аудио балалардың құлақпен есту арқылы оқыту мәтіндерінің негізгі мазмұнын және ұқсас адаптациялы мәтіндер мазмұнын көрнекілікке сүйене отырып түсіне алуын дамытады. Аудио механизмдерін қалыптастыруға бағытталған арнайы жаттығуларды қолдану сөзді есту бойынша түсінуге мүмкіндік береді. Мұндай жаттығуларды оқытудың бірінші-екінші жылында қолдану ұсынылады. Жаттығулардың негізгі мазмұны фонематикалық естуді дамытуға құрылған: түрлі дифференциялы (ұзақ және қысқа, тісаралық және ысқырықты т.с.с.) дыбыстарды айыруға, мәселен, дифференциалды [i – i:] дауысты дыбысын айыруға:

1. «Дональд Дак маған өзінің сағаты біресе алға кететінін, біресе артта қалатынын айтты: [tik – ti:k].

– Дональдтың сағаты қалай алға кетеді? [tik – tik – tik]

– қалай артта қалады? [ti:k – ti:k – ti:k]

Егер қысқа [i] дыбысын естісеңдер, алақандарыңды бір рет, егер ұзақ дыбыс естісеңдер екі рет соғыңдар: [i:]: [ti:k – tik – tik – mi:t – milk], etc.

сөздердің фонетикалық талдауына:

2. «[t] дыбысы бар сөзді естігенде, алақандарыңды соғып қалыңдар: sandwich, orange, TV set, juice, tomatoes, etc.»;

3. «Винни-Пух мектепке жиналуда. Айтыңдаршы, осында қандай мектеп жабдықтарындағы дыбыстар жасырынып тұр?».

– Winnie-the-Pooh: [p].

– Children: pencil, pen, pencil - case

– Winnie-the-Pooh: [s].

– Children: school, pencil, pencil-case.

Жедел есте сақтауды дамытуға көмектесетін жаттығулар дегеніміз сөйлемдер, сөзтіркестер, шағын мәтіндер, оның ішінде ұйқасты, қысқаша тақпақтар болып табылады. Оқушылар бұл кезде әуелі мұқият тыңдап алып, сонысын қайталап айтып қабілет танытуы керек.

Ендігі бір жаттығулар мұғалім бастап берген сөйлемдерді балалардың өздері аяқтап шығуын көздейді. Мысалы:

– What do animals like?

– Teacher: Cats like....

– P1: Fish.

– P2: Milk, etc.

– Teacher: Dogs like....

– P3: Meat, etc

Негізгі тапсырма ағылшын тілінде оқудың техникалық дағдыларын қалыптастыруға құрылған: оқушылар алфавит әріптерін меңгеруі, дыбыстық-әріптік сәйкестіктерді меңгеруі, сөздерді, фразаларды және мәтіндерді олардың мәндік топтарға дұрыс бөле отырып ұғынуы тиіс.

Бастауыш сынып оқушылары үшін ағылшын тілінде оқуды меңгеру алфавиттер арасындағы айырмашылықтарға, ағылшын тілінің графикалық және орфографиялық ерекшеліктеріне байланысты қиындық туындауы мүмкін.

Британия баспаларының бастауыш мектепке арналған оқулықтары айтылған қиындықтарды, әрине, ескермейді (олар грек, неміс, француздан шыққан абстракты оқушыға бағдарланған ғой), сондықтан олардағы оқу жүйесі біздің қазақстандық оқушыларымыздың көзқарасы үшін онша тиімді емес.

Бұл мәселені білім берудің алғашқы жылында шешудің түрлі жағдаяттармен анықталған бірнеше жолы бар. Бірінші жол – бүтін бір сөзді оқыту тәсілімен үйрету, мұндайда ағылшын тілін үйретудің минимальды бірлігі – сөз болып табылады, сол сөз оқыту техникасын меңгеруге мүмкіндік береді – сөздің графикалық бейнесін дыбыстау – оқу ережесі бойынша (*мәселен, gate*) оның мағынасының ара-қатынасын аңғару, яғни оқыған сөзді түсіну. Яғни, оқушылар әріп танудан соң бірден оны дыбыстау жолын, сөздің графикалық үлгісінен соң оның дыбысталу үлгісін өтеді: олар әріппен танысқан соң оқыту ережесіне сәйкес әрпі мен дыбысы ерекшелеу белгісімен көрсетілген жеке сөздерді оқи бастайды.

Екінші жол – **дыбыстан әріпке көшу, сөздің дыбыстық үлгісінен графикалық үлгісіне өту жолы, ұғынықты айтқанда, дыбысты жазумен бейнелеу жолы**. Бұл жолдарды білім берудің шартты мүмкіндіктеріне байланысты таңдау керектігін атап көрсетеміз: бір мектеп үшін жарамды жол екіншісіне жарамауы ықтимал. «Дыбыстан әріпке көшу» жолы мектепке келгенше ауызша сөйлеудің элементарлық дағдысын (ауызша кіріспе курстарды) өткен балаларды оқытқан кезде өте тиімді екендігін көптеген ұстаздар қуаттайды.

Арнайы атап айтарымыз, тілдік қызметтің барлық түрін – аудио (тыңдауды), сөйлеуді, оқуды және жазуды – бір мезгілде бастау жолы табысты бола қоймайды. Өйткені балалардың ағылшын сөздерін тыңдап, сөйлеп, түсіне алуы үшін кем дегенде бір тоқсан, тіпті жарты жыл уақыт керек болады.

Көпшілік қолданатын «дыбыстан – әріпке» технологиясына тоқталайық. Бұл технологияның негізіне балалардың оқу дағдысының техникасын қалыптастыру алынған:

- оқушының жас ерекшелігін ескеру;
- ана тілін үйренудегі жетістігін ескеру;
- баланың ана тіліне арқа сүйеуі;
- оқу техникасын баланың өз ерік-күшімен меңгеруі;
- баланы қарым-қатынастық қабілетін дамытуға (екінші біреумен білген сөздерін қолдана отырып тілдесуге) бағыттау.

«Дыбыстан – әріпке» жолын белгілі психолінгвист Е. Негневицкая бастауыш мектеп үшін түзеп шығарған. Бұл курс бойынша оқыту техникасы баланың алфавитті және оқу ережесін игеруі үшін транскрипцияны көзбен көріп меңгеруі қарастырылады, бұл дегеніңіз ағылшын тілінде оқи білу машығын айтарлықтай жеңілдетеді. Оқушылардың көпшілігі ережеге сүйенбестен, біркелкі оқилатын сөздерді жеңіл меңгереді.

Негізінде, кез-келген кісінің жеке тәжірибесі тілді ауызша сөйлеу түрінде шапшаң дамытуға болатындығын аңғартады. Кез-келген ұлттың баласы да ана тілінде оқып-жазуды ауызша сөйлеу дағдысы қалыптасқаннан соң бастайды, демек оқып үйрену ауызекі сөйлеу кезеңінен таныс тілдік материалды графикалық үлгіде тану үрдісіне ұласады.

Сонымен, «дыбыстан – әріпке» жолы кішкентай оқушылардың жанына жақын әрі ұғынықты, яғни өз күшімен түйсініп оқуын (мұғаліммен, диктормен бірге имитациялы



қайталап оқумен шектелмеуін) қамтамасыз етеді. Мұндай жолдың тиімділігінің негізгі шарты ауызша сөйлеудің қажетті коммуникативті кіндігін қалыптастыратын – келешекте тілдік белгілер мен оқылым кезіндегі мәндерді жақсы меңгеруі үшін база түзетін ауызша кіріспе курс (1-2 тоқсандар) болып табылады.

Ана тілін үйрену шарттарына етене жақын тәсілмен оқу мен жазуға біртіндеп өтудің алғышарттары осындай.

Балаларды транскрипцияның ағылшындық белгілерімен таныстырмас бұрын, мұғалім оларға ана тіліндегі дыбыстар мен әріптердің арасындағы айырмашылықтарды, сондай-ақ ұзақ және қысқа дыбыс ұғымдарын мысалдар арқылы еске түсіруді ұсынады. Бұл жастағы балалар үшін тілдегі басымдық оның дыбыстық үлгісі болып табылады, яғни мұғалім:

– *Балалар, сөз неден жасалады?*

– *Шоколадтан ба?*

– *Ағаштан ба?*

– *Қағаздан ба?* – деп сұрағанда, олар «сөз дыбыстан жасалады» деп жауап береді.

– *«Дұрыс, – дейді мұғалім, – дыбыстар арнайы үйшіктерде тұрады»* (сөйтеді де дыбыстарды атай тұрып транскрипциясын тақтаға жазады немесе карточкада көрсетеді). Транскрипциялық белгілермен таныстыру реті (әр сабаққа 4 белгіден) балаларға ауызша кіріспе курстан таныс сөздерді жасау мүмкіндігімен анықталады. Сөйтіп балаларға транскрипцияны көрнекілік арқылы алфавит пен оқу ережесімен қатар меңгерту басталады.

Транскрипцияны қолдану балаларға дауысты дыбыстарды түрлентіп оқу кезінде, сондай-ақ оқудың негізгі ережелеріне бағынбайтын сөздерді оқуға көмектеседі. Практика көрсеткендей, оқушылар транскрипциялық белгілерді есте жақсы ұстайды, жоғарғы сыныптарда да бөгде мәтіндерді оқыған кезде транскрипцияны сәтімен қолданады, келешекте ҰБТ-ның фонетикалық тапсырмаларын орындау кезінде де аса қиындыққа ұрынбайды. Сондай-ақ бұл дегеніңіз сөздікпен жұмыс жасау үшін негіз қалайды.

Транскрипцияға баулыған кезде мұғалімдер мына жаттығуларды қолданады:

1. Транскрипция белгілерін оқып шығу. Оқулықпен жұмыс жасау мүмкіндігін кеңейту үшін дыбыстар жол-жолымен және нөмірімен реттелген, сондай-ақ бағандармен берілген. Сондықтан да бұл тапсырманы орындауға байланысты жаттығулар былайша берілген: *«Екінші жолды оқыңыз»* немесе *«Бірінші жолды оқыңыз»*.

2. Транскрипцияда жазылған сөздерді оқып шығып, оның мағынасын айту. Бұл тапсырманы орындау үлестірме материалдар қолданғанда қызықты болмақ: балаларға жазылған сөзге сәйкес кескіндеме-картина таратылады. Сөздерді бәрі де оқып шығады, ал сөзге сәйкесетін картинасы бар бала бәріне сонысын көрсетеді.

Басқаша вариант: бір топ оқушы (5-6 бала) суреттер жапсырылған тақтаға шығады. Балалар сөздерді дауыстап оқиды, ал тақта алдында тұрғандар сәйкес суреттерді табуы керек. Бірінші болып тапқан бала орнына жайғасады.

3. Транскрипцияланған сөздерді өзбетінше оқу және оларды тиісті суреттерге бекіту («Суреттерді сөздермен сәйкестендір»). Бұл тапсырманы қатармен, жұптармен, т.с.с. ұйымдастыруға болады. Мұндайда балалардың бір-біріне көмек беруіне кедергі жасамаған жөн.

4. Транскрипциядағы сөздерді өзбетінше оқу және түрлі тапсырмаларды орындау: *«Нүктелермен белгіленген транскрипциялық сөздерді қоршап шық»*, *«Суреттердің астына сөз тауып жаз»*, *«Өзің ұнататын жыл мезгілдері бейнеленген суретке сөз тауып жаз»*, *«Транскрипциялы сөздерді оқып шық және жануарларды сәйкес түспен бояп шық»*, т.с.с.

Балаларға оқу техникасын меңгерту процесін түйсіктік үдеріс ретінде ғана емес, коммуникативті бағдарлану үшін де мынадай тапсырмалар ұсынылады: «*Мына жазылғандар ішінен өзіңе ұнайтын тағамды таптың ба?*» Мұғалім балаларға мына сөздер жазылған қатырмаларды көрсетеді:

[*'ais kri:m*], [*keik*], [*mi:t*] т.с.с. және парталас отырған балаларға бір-бірден таратады.

Парталас балалар жазылғандарды оқиды да, бұл тағамдардың ішінде өздері ұнататын тағамдар бар ма, жоқ па, сол туралы бір-біріне айтуға тырысады.

P1: I like meat. – P2: I don't like meat. / I hate meat.

P1: I like milk. – P2: I like milk too

Балалар транскрипцияны үйреніп болған соң, алфавит үйрену басталады, әріптер көрсетіледі, балаларға таныс транскрипциялар арқылы оларды оқудың ережесі түсіндіріледі. Мұғалім ана тіліндегі білімдеріне сүйене отырып (дауыссыз-дауысты, үнді-ұяң), балалармен бірге ағылшын әріптерінің құпиясын ашады. Мұндайда балалар үйренген немесе ауызша меңгерген сөздерді ғана оқытылады.

Сөз соңы ретінде:

▪ Сабақ үстінде тек қана үйретілетін тілде сөйлесу керектігін ең алғашқы күннен талап ету (тіпті оқушы барлы-жоғы біренеше сөз ғана білетін кезден бастау).

▪ Өзара қарым-қатынас сахнада ойнау арқылы немесе ойындар мен жаттығулар арқылы жиі жасалуы керек.

▪ Оқушыларды белсендіру үшін шағын әндер мен ұйқастарды кең қолданған жақсы, өйткені бұл жастағы балалар тілдің әндей әуезін өте тез қабылдап, мимикалық акцентті қапысыз үйренгіш келеді. Әндер мен тақпақтар есте сақтау процесін жылдамдатады, сөйтіп сабақтар тартымды бола түседі.

Электронды оқыту (e-learning) Қарағанды облысында: іс-тәжірибелер, мәселелер, даму перспективалары

Қарағанды облысында электронды оқыту жүйесін енгізу жобасы (e-learning) 2011 жылдан бері жүзеге асырылуда. Үш жылдың ішінде жобаға 87 білім беру мекемесі қатысты.

2014 жылдың 14 наурызында «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша ПҚБА Институтында аймақтағы электронды оқытудың (e-learning) перспективалары туралы дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстел барысында төмендегідей сұрақтар талқыланды:

– Қарағанды облысында электронды оқыту жүйесін техникалық және бағдарламалық қамтамасыз ету (баяндамашы – Қарағанды «НИТ» АТБО АҚ маманы **Волобуев Л.**).

– Техникалық және кәсіби білім беру жүйесіндегі электронды оқыту қызметінің ерекшеліктері (баяндамашы – «Қарағанды агротехникалық колледжі» КММ директорының ақпараттандыру жұмысы бойынша орынбасары **Попова Н. В.**).

– Электронды оқыту жүйесін ауыл мектептеріне енгізу механизмдері (баяндамашы – Бұқар жырау ауданы Ростов орта мектебі директорының ақпараттандыру жұмысы бойынша орынбасары **Филиппов К. Ю.**).

– Қарағанды облысында электронды оқытуды дамыту мәселелері мен оларды шешу жолдары (Қарағанды облысы білім беруді дамытудың Оқу-әдістемелік орталығының оқытудың инновациялық формалары мен электронды білім бөлімінің жетекшісі **Сүлейменов Р. Х.**).

– Электронды оқыту жүйесін енгізу бойынша білім беру қызметкерлерінің біліктілігін арттыру (Филиалдың басқару және білім беру сапасы кафедрасының аға оқытушысы **Филинова Н. А.**).

Білім беру мекемелеріндегі электронды оқыту туралы қала мектептері директорларының ақпараттандыру жұмысы бойынша орынбасарлары айтып берді: **Жексенбина Н.Б.** – №92 гимназия, **Комракова Л.А.** – №45 гимназия, **Касымова Д.А.** – №39 гимназия, **Кошкимбаева А.К.** – №23 орта мектеп.

Кездесу қорытындысы бойынша қатысушылар келесі ұсыныстарды талдап қабылдады:

1) «Электронды оқыту (e-learning)» жобасын дамыту сұрақтары бойынша техникалық және бағдарламалық қамтамасыз етуді дамытуға жауапты әдістемелік қызметтердің, педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру жүйесінің, аймақтық білім беруді басқару органдарының өзара әрекеттестігін күшейту.

2) Электронды оқытуды енгізудің және қолданудың тиімділігін бақылау бойынша жүйелі мониторинг жүргізу.

3) Электронды оқыту аясында педагогтарға шұғыл оқу-әдістемелік демеу көрсету және қашықтықтан үздіксіз кеңес беру мүмкіндігін қамтамасыз ету.



Шындық қазеніміз — тәжірибемен сынақтан өту.
Альберт Эйнштейн

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕОРИЯ ЗАМАНАУИ МЕКТЕП ТӘЖІРИБЕСІНДЕ

Truth is what stands the test of experience.
Albert Einstein



ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ТЕОРИЯ В ПРАКТИКЕ СОВРЕМЕННОЙ ШКОЛЫ

Истина — это то, что выдерживает испытание опытом.

Альберт Эйнштейн



Т.Н.СВИРИДА, М.В.НЕВОЛЬНИКОВА
КГУ «Специальная школа-интернат для детей с тяжёлым нарушением речи»
управления образования Карагандинской области, г.Темиртау
учителя-логопеды

РЕАЛИЗАЦИЯ ПРОЕКТА ПО ФОРМИРОВАНИЮ ЭТНОКОМПЕТЕНЦИИ УЧАЩИХСЯ С ТЯЖЕЛЫМИ НАРУШЕНИЯМИ РЕЧИ

Осы мақалада оқушының толығымен, әлеуметтік тұтастығын, өзгермелі жағдайларда қызметті жүзеге асыру қабілетін ашатындай, арнайы мектептегі ең жаңа және оқушылардың сапалық жиынтығының дамуын болжайтын, тілге ауыр зақым алған оқушылардың этноқұзыреттілігінің қалыптастыруы бойынша жобаның жүзеге асырылуы баяндалады.

In this article implementation of the project on ethnocompetence formation at pupils with heavy violations of the speech which at special school is the newest is shined and assumes development of a complex of qualities of the pupils who are showing in ability to implementation of activity in changing conditions, as a whole, social mobility at the pupil.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: тяжёлые нарушения речи, специальная школа, компетентностный подход, этнокомпетенция, критерии и показатели сформированности этнокомпетенции

Главной задачей системы образования, как отмечается в Законе Республики Казахстан об образовании, является формирование на основе национальных ценностей полноценной развитой личности. Образование как средство формирования национального самосознания, реализации культурно-языковых интересов выполняет одну из главных функций – интегрирующую, т. е. обеспечивает взаимодействие, взаимопроникновение и взаимообогащение культур, интеграцию личности в системе мировой и национальной культуры [1].

Стратегия этнокомпетентного образования направлена на формирование этнокультурной и государственной идентичности, тактика его предусматривает научно-педагогические и организационно правовые меры по их достижению [2].

Наиболее эффективно этнокомпетентное образовательное пространство может быть создано в школах, где оно обеспечивается языками обучения и содержанием курсов.

В науке существует большой интерес к проблемам этнокомпетентного образования, явля теоретически и практически актуальной (своевременной и перспективной). Исследованием педагогических аспектов этнокультурного образования занимались многие ученые. Особый интерес представляет концепция этнокомпетентного образования – Ж.Ж. Наурызбай, этнопедагогического образования – С.А. Узакбаева, К.Ж. Кожаметова, педагогической культурологи – М.Х. Балтабаев,

труды по формированию национального самосознания Ж.Ж. Наурызбай, А.Т. Азтаева, З.Б. Кабылбекова.

В сложившемся этнокультурном образовательном пространстве особо выделим школы для детей с ООП, в частности, школу для детей с тяжелыми нарушениями речи (далее – ТНР). Отсутствие в коррекционной педагогике исследований по проблемам этнокомпетентного образования позволяет говорить о ее актуальности.

В школах элементы этнокультурного образования вводятся через изучение истории, литературы, изобразительного искусства, музыки и т.д. [3]. В связи с этим и в школе для детей с ТНР необходимо создание этнокультурного содержания учебных дисциплин. Для этого обязательным будет пересмотр действующих учебных планов, программ, новых учебников.

Условием эффективной реализации этнокомпетентного образования детей с нарушением речи должно быть сочетание учебного процесса, коррекционных занятий и воспитательной внеклассной работы, поскольку создается целостный процесс становления личности ребенка, подготовки его к самостоятельной жизни, коррекции речевых недостатков. Коррекционная работа должна осуществляться по плану, включающему этнокультурный компонент. В коррекционной школе необходимо создание адекватных особенностям детей с особыми образовательными потребностями условий обучения, воспитания и коррекции новых образовательных технологий в условиях повседневного межэтнического общения.

Выпускник специальной школы должен обладать тремя основополагающими компетенциями:

- компетенция разрешения проблем (самоменеджмент);
- информационная компетенция;
- коммуникативная компетенция.

Данные компетенции могут быть реализованы эффективно лишь при условии сформированности речевой деятельности [4]. Поэтому особенно важным представляется разработка направлений, связанных с использованием потенциальных возможностей учащихся в компенсации дефектов.

Различные формы нарушений речи (алалия, дизартрия, заикание, ринолалия, общее недоразвитие речи), сужение словарного запаса, трудности в усвоении грамматического строя препятствуют формированию коммуникативной компетенции, полноценному психологическому развитию детей, затрудняют процесс обучения и познания окружающей действительности.

Главными задачами специального обучения в школах для детей с нарушениями речи являются: преодоление нарушений речи и связанных с ними особенностей психического развития ребёнка, а также социальная адаптация ребёнка в современном обществе.

Наиболее благоприятные условия по формированию ключевых компетенций и этнокомпетенции в условиях школы для детей с ТНР могут быть созданы на уроках развития речи. Анализ содержания перспективно-тематического планирования уроков развития речи выявил следующую проблему: недостаточное освещение вопросов этнокультурного содержания. Таким образом, содержание перспективно-тематического планирования уроков развития речи входит в противоречие с требованиями современной образовательной системы. В связи с этим, возникла идея создания нового учебно-методического пособия к урокам развития речи в школе для детей с ТНР. Содержание этнокультурного компонента – это педагогически адаптированная система знаний, умений, навыков, опыта творческой деятельности, усвоение которой обеспечивает развитие этнокомпетенции ребенка с тяжелыми нарушениями речи.

Творческой группой учителей КГУ «Специальная школа-интернат для детей с тяжелым нарушением речи» управления образования Карагандинской области было разработано учебно-методическое пособие, которое было утверждено на заседании

Экспертного Совета при ИПК г.Караганды в мае 2009 года. Учебно-методическое пособие было издано типографией Центра САТР в 2013 году и используется в коррекционно-образовательном процессе.

В данном пособии реализуется компетентный подход, который в специальной школе является наиболее новым и предполагает развитие комплекса качеств учащихся, проявляющихся в способности к осуществлению деятельности в меняющихся условиях, в целом, социальную мобильность у ученика.

Пособие было апробировано в 2010-2011 учебном году. В результате апробации были созданы критерии и показатели ключевых, социальной компетенций для учащихся первого класса школ для детей с тяжёлыми нарушениями речи и педагогический инструментарий для их отслеживания на основании целостного методического пособия для проведения уроков развития речи учащихся первых классов школ для детей с тяжелым нарушением речи.

В ходе апробации данного учебно-методического пособия, наряду с основополагающими компетенциями, возникла необходимость в разработке критериев и показателей сформированности этнокомпетенции для учащихся 1 классов школ для детей с тяжёлыми нарушениями речи, а также комплекта диагностического инструментария с уровневой системой оценки.

Критерии и показатели сформированности этнокомпетенции.

1. Этнические знания. Показатели:

- Обладает познанием и опытом деятельности на основе национальных особенностей.

- Владеет навыками самоанализа, самокорректировки поведения и соблюдения принятых этикетных норм в межкультурной среде.

2. Этнокультурные явления и традиции общества. Показатели:

- Знает этнокультурные явления и традиции общества.
- Умеет использовать этнокультуру для эффективного творческого развития и коррекции личности во всех сферах ее будущей деятельности.

3. Этнокоммуникация. Показатели:

- Понимать и ценить культуру своего и других народов.
- Уметь вступать в межкультурный диалог, оценивать культурную информацию.

Уровни выполнения заданий:

1 уровень - с направляющей помощью учителя;

2 уровень - работа самостоятельно.

Диагностический инструментарий удобен для:

- определения уровня сформированности этнокомпетенции
- отслеживания динамики речевого развития ребёнка при этнокоммуникации;
- оценки эффективности коррекционного воздействия при использовании УМП.

В комплекте приведены рекомендуемые для обследования речевые задания и уровневые оценки их выполнения.

- Подведение понятий под общую категорию
- Назвать одним словом
- Ответ на вопрос
- Техника незаконченных предложений
- Тест-опросник
- Подобрать определение к словам
- Назвать действие по предъявленному предмету
- Составить предложения из слов
- Назови другим словом
- Вставить пропущенные предлоги
- Составь предложение по картинкам.

Данные виды заданий направлены на выявление следующих умений **этнокомпетенции**:

- ◆ Обладать познанием и опытом деятельности на основе национальных особенностей.
- ◆ Владеть навыками самоанализа, самокорректировки поведения и соблюдения принятых этикетных норм в межкультурной среде.
- ◆ Знать этнокультурные явления и традиции общества.
- ◆ Уметь использовать этнокультуру для эффективного творческого развития и коррекции личности во всех сферах ее будущей деятельности.
- ◆ Понимать и ценить культуру своего и других народов.
- ◆ Уметь вступать в межкультурный диалог, оценивать культурную информацию.

С целью отслеживания динамики формирования этнокомпетенции учащихся первых классов, обучающихся в школе для детей с тяжёлыми нарушениями речи был проведён эксперимент на базе ГУ «Специальной школы-интернат для детей с ТНР» г. Темиртау. Было обследовано 30 учащихся первых классов с диагнозом ОНР-2-3 уровня. Учащиеся 1 «Б» класса (15 человек) составили контрольную группу, а учащиеся 1 «А» класса (15 человек) – экспериментальную группу (табл.1)

Таблица 1. Результаты входной диагностики, сентябрь 2012 г.

№	Названия проб	Успешность выполнения			
		1 «А»		1 «Б»	
		1 уровень	2 уровень	1 уровень	2 уровень
Этнокомпетенция					
1	Этнические знания	7%		7%	
2	Этнокультурные явления и традиции общества	-		-	
3	Этнокоммуникация	-		-	

Итоговая диагностика, май 2013 г.

№	Названия проб	Успешность выполнения			
		1 «А»		1 «Б»	
		1 уровень	2 уровень	1 уровень	2 уровень
Этнокомпетенция					
1	Этнические знания	33%	18%	21%	7%
2	Этнокультурные явления и традиции общества	27%	27%	20%	10%
3	Этнокоммуникация	27%	14%	13%	7%

Использование учебно-методического пособия помогает **учащимся**:

- выработать стойкую мотивацию к обучению и преодолению основных проблем речевого развития;
- преодолеть неуверенность в собственных способностях;
- расширяет представления учащихся об окружающем мире;
- формирует понятия об этнокультурном пространстве Республики Казахстан, о традициях и обычаях казахского народа.

Позволяет **учителю**:

- осуществлять более качественную подготовку к урокам развития речи;

- более четко организовать уроки развития речи в соответствии с используемыми методиками.

Проведенный эксперимент показал более успешное формирование этнокомпетенции в экспериментальной группе, где обучение проводилось с использованием учебно-методического пособия.

Обследование рекомендуется проводить 2 раза в год. Общим правилом при оценивании заданий всех серий является уровневая система оценки. В результате использования учебно-методического пособия ожидается повышение уровня сформированности основополагающих, социальной компетенций и этнокомпетенции с более низкого на высокий.

Реформирование школы – одна из стратегий современной модернизации отечественного образования. Смещение акцентов на такие приоритеты образования, как гуманизация, демократизация, дифференциация, индивидуализация, информатизация, делает вполне обоснованным развитие взгляда на педагогику не только как на науку и искусство, но и культуру. Отсюда вполне понятное стремление к разработке методологических и технологических основ взаимодействия общекультурных и этнокультурных ценностей для реализации современной стратегии поликультурного образования.

Приобщение к культуре, вере, традициям своего народа играет важную роль в процессе реформирования школы. Освоение поликультурного опыта способствует осознанию того, что родная культура – одна из форм культурного разнообразия мира.[5]. Заложенные в этнических культурах ценности способствуют развитию личности, социальному, научно-техническому процессу, установлению сотрудничества на межличностном, государственном, международном уровнях.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Закон Республики Казахстан «Об образовании» от 27.07.2007г. №319. www.edu.gov.kz.
2. Узакбаева С.А., Кожаметова К.Ж. Концепция этнопедагогического образования,- Алматы: Онер, 1998.
3. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы// Казахстанская правда, 2010.
4. Хуторской А.В. Ключевые компетенции как компонент личностно-ориентированной парадигмы образования [Текст] / А.В. Хуторской // Народное образование. – 2003. – №2. – С. 13.
5. Кабдолова К.Л. Формирование компетенций как необходимое условие повышения качества образования//Открытая школа, 2004. – №3. – С.45-47.



Ж.Х.КАИРБАЕВА
«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Қарағанды облысы бойынша ПҚБА институты,
деңгейлік бағдарламалар орталығының тренері

ДИАЛОГ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ - ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫН ЖАҚСARTУ ЖОЛДАРЫ

В статье рассматриваются вопросы организации диалога в классе как одного из интерактивных методов обучения. В процессе диалога ученики и учитель являются равноправными партнерами, прилагающими все усилия для получения согласованного результата и вовлеченность в процесс «обменами мыслями».

This article discusses the importance of dialogue in the classroom that it occupies a central place in the classroom. The usual style of conversation in the classroom when the teacher controls the conversation, ask important questions, expressed praise. In the dialogue of children as well as teachers are equal partners, engaged in all efforts to obtain a negotiated outcome and involvement in the process of "exchanges of thoughts".

ТҮЙІНДІ СӨЗДЕР: диалог, сыни тұрғысынан ойлау, топтық жұмыс, ынтымақтастық, оқуға деген қызығушылық

*Диалогтік оқыту арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыру
олардың білім деңгейін көтеру, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.
Баланы күштеп білім беруден гөрі, баланың білімге деген
құштарлығын ояту ең маңызды мақсат.
К.Д.Ушинский*

Мақалаға алынған эпиграф орыс педагогы К.Д.Ушинскийдің айтқан ойы тақырыбыма сәйкес келеді. Өйткені оқушылар арасындағы шынайы қарым-қатынас орнату, бір-бірлерін тыңдай және ести білу, ойлау кезінде ортақ бір шешімге келуге үлкен әсерін тигізеді.

Соңғы кезде жиі келтіретін Ысты Бөлтірік шешеннің келесі сөздеріне де терең мағаналы идеялар жатыр: «Қарт шешеннен, Өмірдің мәні не: бала ма, бақ па, дәулет пе?» - деп сұраған, ол былай деп жауап берген екен: «Бала деген артта қалған із емес пе, бақ деген аспандағы құс емес пе, дәулет деген қолда ұстаған мұз емес пе?» Бұл өмірдің мәні сіз бен біз емес пе?!» осы айтылған сөзде үлкен мағана жатыр, адамдар арасындағы қарым-қатынас өмірдің негізгі құндылығына айналдырған ата-бабаларымыз Әлеммен диалог құруға ұмтылған. [1] Қазіргі кезде біздің тек қана қарым-қатынас диалог құру арқылы әлемді тануымыз ықтимал.

Диалог екі жақты сөз арқылы ауызша және жазбаша қарым-қатынастың басты нысаны. Ұстаздың сабақтағы басты мақсаты сыныпта қандай да болмасын қарым-қатынас орнатуы қажет. Осы мақсаттарды іске асыруда басты рөлді мұғалім тұлғасы атқарады және оның жеті модулі мән-мәтінінде мектеп тәжірибесінде табысты қолдануға ықпал ететін әдістемелік сипаттағы бірқатар жалпы ұсыныстардан тұрады, оның ішінде оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер, мұғалімдер осы жаңа тәсілдерді өзінің тәжірибелерінде жүйелі түрде ойлануы, сынып деңгейінде тізбектелген сабақтар топтамасын жүргізу туралы біліктілікті арттырудың деңгейлік Бағдармалар курстарында айттылады. [2] Бағдарламаның мазмұнын туралы айта отырып, оқыту және оқудағы жаңа тәсілдер бойынша оның ішінде «Диалог негізінде оқыту және оқу» [2] жаңа тәсіл ретінде қарастырдым. Диалог негізінде оқу және оқыту оқушылар арасындағы, мұғалім мен оқушы арасындағы диалог оқушыларға өзіндік ой пікірді құруға және дамытуға көмектесетін оқыту әдістерін қарастыралады.

Сыныптағы оқушылардың өзара қарым қатынастары арқылы диалогтік оқыту туралы алдымызға мақсат қоятындығымыз анық. Қарым-қатынас арқылы оқушылар арасында сұрақтар туындайды, оған жауап беру үшін олар ойлану керек, әрине сыни тұрғысынан ойлауға үйрету мүмкіндіктерін қарастыру қажет. Мерсер мен Литлтон (2007) өз еңбектерінде диалог сабақта оқушылардың қызығушылықтарын арттырумен қатар, олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосқандығын атап көрсетті. Осы зерттеуде ересектермен интербелсенді қарым-қатынас пен достарымен бірігіп жүргізілген жұмыстың балалардың оқуына және когнитивті дамуына әсерін тигізді. Выготскийдің оқыту моделі оқушы диалог құру нәтижесінде білім алады, сондықтан оқушының білім деңгейін дамытуға әлеуметтік қолдау көрсетуде мұғалімнің рөлі ерекше. Мерсер мен Ходжкинсон (2008) зерттеулерінде оқыту барысында диалогтың атқаратын рөлі маңызды, қазірдің өзінде оқушылардың бірлескен сұхбаты үлкен пайда келтіретіндігін көрсететін дәлелдер бар. Оқушылардың тақырып бойынша өз ойларын білдіруіне мүмкіндік береді, өз идеяларын дәлелдеуге көмектеседі, өзінің айтқан ойларына сенімділік туындайды, мұғалімдерге оқушыларды оқыту барысында олардың оқушылары қандай деңгейде екендігін түсінуге итермелейді. Осы арқылы оқушылардың дамуы, ойлау әрекеттері арта түседі.

Осыған байланысты мұғалімге мынадай сұрақтар қоюға болады: **«Қалай ойлайсыз, сіздің оқушыларыңызға қаншалықты сабақ үдерісі қызықтырады?»**, **«Топтық жұмыстың маңыздылығы неде?»**, **«Оқушылардың өзара қарым-қатынастарын қалай жақсартуға болады? Неге?»**. Осыған байланысты пән мұғалімімен бірлесіп отырып, Бағдарламадан күтілетін нәтиже оқушылардың қалай оқу керектігін үйреніп, соның нәтижесінде өзін еркін ұстауы, өзіндік уәж-дәлелдерін нанымды жеткізе алатын сенімді, сыни тұрғыдан пікір көзқарасын дамыған ақпараттық-технологияларды меңгерген тұлға қалыптасуын қамтиды. Мұғаліммен бірге бағдарламаның негізгі идеясына тоқтала отырып, ондағы оқу үдерісінде өзін өзі реттей алатын, өзінің оқу төңірегінде ой жүгірте алатын, қоршаған орта мән-мәтінінде өзінің білім қорын сыни тұрғыдан ойластыруға қабілетті оқушы тұлғасын қою арқылы оны тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Мектеп тарапынан бұл мәселенің маңыздылығы оқушылардың арасындағы ынтымақтастық, өзара үйлесімділік, оқушылар білім ала отырып, ести және тыңдай білу қабілеттерін дамыту және дарынды, талантты балалардың мүмкіндіктерін пайдалана отырып, күрделі (деңгейлі) тапсырмаларды орындау кезінде сыни тұрғысынан ойлау әрекеттерін көре білу және кез келген жағдаяттардан шығу жолдарын көрсете алады. Оқушыларға дәстүрлі сабақтардың орнына жаңа технологияларды қолдануға байланысты жаңа серпіліс беретін сабақтың құрылымын өзгертуге оқушылардың өздері үлес қосып, сабақтың мақсаты мен міндеттерін, онымен бірге табыс критерийлерін өздері айта отырып, бірлескен оқыту үдерісі қолжетімді табысқа жететінін көруге болады. Бұл мұғаліммен келешекте қандай іс-әрекеттер жасайтындығы,

бағдарламадағы сыныптағы диалогтің маңызы ғылыми зерттеу нәтижелері сабақта диалогтің маңызды рөл атқаратындығын көрсетті.

Мерсердің зерттеуіне сәйкес, әңгімелесу оқушылардың ажырамас бөлігі болып табылады және әңгімелесудің үш түрі бар. Олар:

- әңгіме
- дебат,
- топтық әңгіме
- зерттеушілік әңгіме.

Сыныпта сұрақ қою маңызды дағдылардың бірі болып табылады. Оқуда қолданатын әңгімелесу түрлерінде Мерсердің айтуынша, ұжымдық түсіну мен білім беруге қол жеткізу аясындағы табысты талқылауларда әңгімелесудің зерттеушілік түрі басымдыққа ие болады. Зерттеу жұмыстарын талдау барысында оқушылардың білім алуы, тыңдауы және сөйлесу арқылы анықтала бастайды. Оқушылар шағын топта жұмыс істейді, олардың бір ортақ проблемалары болады, бұл бойынша бірлескен түсінік қалыптасады. Идеялармен пікір алмасып, бір-бірінің идеяларын талқылайды баға берді. Оқушылар бірге ойланады, өз ойларын дауыстап ортаға айтады, болжам ұсынып талқылайды, бір-бірілеріне сұрақ қою арқылы жауабын бірлесіп табуға ұмтылады. [3]. Берілген сабақтардағы тапсырмаларды орындау кезінде оқушылардың арасында өзара сыйластық, бір-біріне көмек көрсету арқылы жақсы ынтамен орындауға тырысады.

Әңгіме, дебат барысында оқушылардың ой пікірлерінде алшақтық байқалады және әркім өз шешімдерінде қалады, орта бірлесуден гөрі, көбінесе бәсекелестікке бағытталған. Топтық әңгіме барысында топтағы оқушылардың айтқан әрқайсының механикалық тұрғыдан пікірлерімен келісе береді. Әңгіме білім алу мақсатында жүргізіледі, оқушылардың ойларын төзімділікпен тыңдайды. Идеялар қайталананды, бірақ үнемі бағалана бермейді. [3]

Оқушылар топтық жұмыста өзара ынтымақтастығын қалай дамыта алады? Осы сұрақтың негізгі мақсаты диалогтік оқыту арқылы оқушылардың белсенді білім алуына ықпал ету. Сыныптағы оқушылар жас ерекшеліктеріне байланысты жасөспірімдер олардың физиологиялық дамуларымен бірге психикалық, әлеуметтік, рухани дамуылары қатарымен жүріп жатыр. Осындай дамуда оқушылар арасында өзгерістер болып жатады. Жан-жағын таныған, өзінің көзқарасы тұрақталған, өздерінің шешімдерін тура айтуға икемделген, қарсы пікірлерге өздерінің көзқарастарын айтуға бейімділігі байқалады. Қаншалықты ынтымақтастық атмосфера қалыптасқанын көре отырсаңда, сыныпта сабақ барысында бәсекелестік қабілеттері басымшылығын көрсетті, себебі берілген тақырып білу мен түсіну деңгейінде, бірнеше оқушыларды қолдану, талдау, топтау және бағалау деңгейлерін көруге болады және сабақ жүктемесі және қосымша оқылатын пәндер нормадан тыс жоғары, оқушылардың оқыту мен оқудағы қабілеттері әртүрлі екендігін ұмытпау керек.

Оқушылардың өз беттерімен оқу керектігін үйретуге бейімдеу барысында пәннің қызығушылығын, оның өмірде қажеттілігін сезіндіру керек. Келесі жолы нені жақсарту керектігін айтатын болсақ, барлық мұғалімдермен көбірек жұмыс жүргізу керек, өйткені мұғалімнің санасына, оның ұстанымына, көзқарасына түбегейлі өзгерістерді қарастыру болып табылады. Жалпы осы Бағдарламаның негізі идеяларын адамдар арасында насихаттау керектігі, ата-аналар арасында әңгімелелер жүргізу және бірлесіп жұмыс жасау әрекеттерін ұйымдастыру қажет.

Балаларға және пән мұғаліміне топтық жұмыстар таныс, бірақ қаншалықты кері байланыс, рефлексия жасалуы, өзін және өзара бағалау әрекеттері өз мағанасынада жүйелі жүріп жатқанын байқауға болады. Мұғалім сабақ үдерісінде сыныптағы оқушыларға тапсырмалар дайындаған кезде барлық оқушылардың пәннің мазмұнын қаншалықты меңгергенін көре отырып, қандай деңгейдегі, яғни тапсырманың қарапайымнан бастап күрделігі қарай болу екендігін қарастыру, оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру қажет. Сыныптағы топтық жұмыстарда оқушылардың атқарған

қызметтері, берілген тапсырманы толығымен орындау, бір-бірлерімен пікір алмасу, ойларын ортаға салу, ортақ шешеміге келу, осылардың барлығы оқушылардың өздерінің көзқарастарына, мінез-құлықтарына, сенімділігіне, қызығушылығына әсер тигізеді. Берілген тапсырманы танымдылық әрекетін көрсету арқылы оқушының қызығушылық сезімі оянады және бір-бірлеріне көмектесуге дайын тұрады. Оқушылардың бір-біріне деген жанашырлығы, сезімталдығы, мейрімділігі жақсара түсетін сияқты. Келешекте осы өзгерістер арқылы сыныптағы оқушылардың ой өрістерін дамытуға, өз ойларын еркін айтуға, топтық жұмыста өзара ынтымақтастық атмосфераны құруға, бір- бірлерін тыңдай және ести білу еп-ағдыларын қалыптастыру, идеяларын ортаға салып, оны қарастыруға мүмкіндіктерін бар. Диалогтік оқыту арқылы мұғалім оқушыларды сөйлеуге ынталандыру, қызығушылығы мен сезімдерін анықтауға, білімге құштарлық дамытады және зерттеуге ынталандырады, оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауына ықпал етеді, оқушыларға сыни тұрғыдан ойлауға көмектеседі. Тұлғаны тәрбиелеу негізінде адамгершілік-рухани құндылықтары мәдени негізіне сәйкестілігі болуы қажет. Мәдениеттің негізгі түрлері (экономикалық, саяси, ғылыми, діни, эстетикалық және т.б.) бұл адамдардың іс-әрекетіне әсер ететін формалар. Ең алғашқы адамға әсер ететін адами қасиеттер (мейрімділік, сұлулық, ақиқат) осы қасиеттердің адамның бойында болуы мен оның іс-әрекетіне тигізетін ықпалы зор.

Жаһандану заманында интеллектуалды азаматты қалыптастыру, қойылған міндеттер бойынша жастардың дүниетанымын өзгертіп олардың жаңаша ойлау қабілетін арттыруға, білімге деген құштарлығын ойлауға, отансүйгіштік қасиетті одан әрі дамытуға, жасампаздық белсенділігін арттыруға бағыттталып отыр. Білім жүйесін әлемдік дамыған инновациялық технологиялармен жабдықтау білім мен ғылымның халықаралық стандарттын меңгеру, сапалы білім беруге қол жеткізу, қоғам сұранысына жауап беретін маман даярлау. Алдағы уақытта заман талабына сай білімді әлемдік деңгейге жеткізудің бірден-бір жолы бұл-инновациялық қызмет. Осыған орай, әр ұстаздың алдында оқу мазмұнын жаңарту өзінің шығармашылығын дамыту мен шеберлігін шыңдап озық технологияны жетік меңгеріп, әр күнгі сабағына тиімді әдіс-тәсілді және стратегияларды пайдалану, тәуелсіз еліміздің ертеңгі саналатын- білімді ұрпақ тәрбиелеу міндетті болып табылады.

Бәсекеге қабілеті оқушы тұлғасын қалаптастыру барлық педагогикалық ұжымның күшін біріктіруде талап етеді. Оқу- тәрбие үрдісінің әзірлігі көпшілік жағдайда педагогикалық кадрлардың шығармашылық тәсілдеріне инициативасына байланысты. Пән аймағындағы берік білімді меңгеру оқытудың жаңа формалары мен әдістерін оқушы тұлғасына бағыттау шартымен аяқталады, яғни ол үшін маңызды болып қалады.

Қазіргі жағдайда педагогтың қызметінің мән-мазмұны түбірімен өзгеруде: жаңа мектептегі кәсіби-педагогикалық іс-әрекет жаңа сипатқа ие – әр педагогтың Бағдарламаның жаңа идеяларын ұйымдастыруы мен жүргізуі, инновациялық іс-тәжірибелерді меңгеру мен тарату, өз іс-әрекетін жобалауы үлкен серпіліс береді. Сол себепті де ұстаздың басты мақсаты- шәкірттерін адам болуға баулу деп айтуға болады. Әрбір пән, әрбір сабақ, әрбір тақырып осы мақсатты жүзеге асыруға бағыттталуы керек. Шәкірт оқу нәтижелерінде қандай да болмасын пәнді білу емес, адам болып қалыптасуы керек. Адамның күні адаммен дегендей, адам баласының өмірі тек басқалардың қатысумен ғана мәнді болады.

“Адамның бір қызығы бала” дегендей, әрбір шәкіртті өз балаңдай жақсы көре білуің керек. Ең бастысы, адамға тән адамгершілік белгілер: қайырымдылық, әдептілік, мейрімділік, парасаттылық, жауапкершілік, еңбексүйгіштік, кешірімділік, өзіне-өзі талап қоюшылық – міне, осы қасиеттерді шәкірт санасына сіңіру – ұстаз парызы. Оқушының осы қасиеттерін ата-аналар мен мектеп барлығы бірігіп жан-жақты дамуына ықпал ету қажет. Ата-аналар тарапынан балаларының оқу үлгерімін сұрау емес, балалардың қаншалықты өз сыныптастарының арасындағы қарым-қатынасы, өзіндік көзқарасы, әлеуметтік ортада өзін қалай ұстау әрекеттерін мектеп мұғалімдермен бірге ақылдаса отырып, барлық алда тұрған мәселелерді шешуге мүмкіндіктер жасау керек. Елбасы

Н.Назарбаевтың “Болашақта еңбек етіп өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушыларын мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады, яғни тәрбиенің түпкі мақсаты – қоғамның нарықтық қарым-қатынасқа көшу кезінде саяси-экономикалық және рухани дағдарыстарында жеңіп шыға алатын, іскер өмірге икемделген жан-жақты мәдениетті жеке тұлғаны тәрбиелеп қалыптастыру” деп тұжырым жасауы бекерден бекер емес.

Өр уақытта мұғалімдер өздерінің кәсіби біліктілігі арттыра отырып, шығармашылық даму әрекеттерін шындай түсуі қажет. Сабақ беру үдерісінде жаңа педагогикалық озық технологияларды тиімді пайдалану, өздерінің еңбектерін педагогикалық баспаларға жария ету, көптеген проблемалық семинарларға қатысып, өз үлестерін қосуға мүмкіндіктері болуы қажет. Озық іс-тәжірибелерін жинақтау барысында мұғалімдер үнемі даму үстінде болады. Оған пайдалы ақпаратты көбірек жинауға мүмкіндік беретін дәлел жинаудың басқа тәсілдері мыналар: басқа да қарастырылған оқу құралдары, қосымша әдебиеттер, оқу кезінде жинақталған ақпараттар, интернет көздері, мұғалімге арналған нұсқаулық, қосымша ресурстар, үлестірмелі материалдар, оқытудағы және оқудағы жаңа тәсілдерді қолдануға мүмкіндік болды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

